



Сүйікті газет – "Қостанай таңы"

Облыстық "Қостанай таңы" газетінің орны мен үшін ерекше. Өйткені, бұл басылымда әкем – Сержан Үсенұлы 1982-1987 жылдары бас редактор болып қызмет атқарды. Ол кезде Кеңес үкіметінің дәуірлеп тұрған тұсы.

Облыс орталығында шығатын жалғыз қазақ басылымына деген оқырмандар ілтипаты ерекше. "Қостанай таңы" әр нөмір сайын өмірдің қоғамдық-саяси тұстарымен қатар, астықты аймақтың жетістіктері мен кеткен кемшіліктерін жиі жариялап тұратын. Сол кездің өзінде оқырмандардың басылымды іздеп жүріп оқитынын талай көзіміз көрді.

Мен өзім медицина саласында 15 жылдан бері медбике болып еңбек етемін. Дәлірек айтқанда, облыстық аурухананың емделушілерді қолдау қызметі және ішкі бақылау бөлімшесінде жұмыс істеймін. Біздің міндетіміз – медицина сапасын бақылап, тұрғындардың арыз-шағымдарын қабылдау. Бұл тұрғыда облыстық газеттің көмегі зор. Әсіресе, газеттің "Денсаулық" қосымшасында облыстағы денсаулық сақтау саласының түйткілді тұстары жиі көрініс тауып жүр. Түрлі сырқат белгілері, оларды емдеу шаралары туралы мақалалар үзбей жарияланып тұрады. Бұл жанына шипа іздеген азаматтар

үшін аса қажет деп санаймын.

Жалпы, өз басым "Қостанай таңы" газетінің оқырмандары көбейген үстіне, көбейе түссе екен деп тілеймін. Біріншіден, бұл үлкен тәрбие құралы. Әсіресе, жастарға басылымның берері мол. Ана тілін қастерлейтін әр қазақ облыстық басылымды үйіне жаздырып алса қандай жарасымды! Менің де екі немерем қазақ бала бақшасына барып жүр. Өскенде олар да аталарының ізі қалған газетті – "Қостанай таңын" оқитынына шүбәсіз сенемін.

Гүлжан ҮСЕНОВА.

Облыстық аурухананың медбикесі.

"Қостанай таңы" – сенің газетің

оған 2017 жылға жазылу басталды

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы:

- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:
 - 1 жылға – 6000 теңге
 - 6 айға – 3000 теңге.
- жеке оқырмандарға:
 - 1 жылға – 4500 теңге
 - 6 айға – 2250 теңге.
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

үшін:

- 1 жылға – 4200 теңге
- 6 айға – 2100 теңге.

Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:

- жеке оқырмандар үшін – 54613
- зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614
- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54615

Селолық жердегі жазылушы-

лар үшін газеттің индексі:

- жеке оқырмандар үшін – 54683
- зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.



Әлеуметтік саланың үздіктері

Жергілікті мәслихат сайлауы өтті

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Бүгінгі таңда елімізде әлеуметтік қолдауға мәжбүр жандардың жанынан табылып, мүгедектер мен жалғыздікті қарттарға қамқор болып, қолұшын беріп жүрген мамандық иелері аз емес. Солардың бірі – әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметкерлері.

Осыдан бес жыл бұрын Елбасының Жарлығымен 28 қазан – әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні болып белгіленген еді. Міне, содан бері елімізде айтулы датаны атап өту дәстүрге айналған. Облыстық филармонияның концерт залында облыс әкімінің орынбасары Марат Жүндібәев сала мамандарын облыс әкімінің атынан мерекелерімен құттықтап, үздік мамандарды марапаттады.

– Әлеуметтік сала қызметкерлерінің күні 2011 жылы Президент Жарлығымен бекітілген болатын. Бұл қарттарға, әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға ұдайы қамқорлық танытып отырған қызметкерлерге Елбасының көрсетіп отырған орасан құрметі. Ал, бұл зор үмітті ақтау – сіздер үшін үлкен жауапкершілік. Бүгінде облысымыздың әлеуметтік қорғау жүйесінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жатырмыз. Азаматтардың әл-ауқатын, өмір сүру деңгейін арттыру, кедейшілік пен жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында көптеген шаралар қолға алынған. Қазіргі таңда аталмыш саланы қаржыландыруға да миллиардтаған қаражат бөлінуде. Мәселен, тек зейнетақы мен жәрдемақы алатын 255 мың адамға төленетін ай сайынғы төлемдер үшін 9 млрд. астам қаржы жұмсалады. Осы күні облыстың әлеуметтік қорғау жүйесінде үш мыңнан астам маман еңбек етуде. Біздің азаматтарымыздың әлеуметтік қорғалуы сіздердің жоғары кәсібиліктеріңіз бен күнделікті қызметтеріңізге байланысты. Бұл тұрғыда сіздер де аянбай тер төгіп, әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандардың игілігі үшін қызмет етіп келесіздер. Сіздердің осындай қиын да, жауапты еңбектеріңіз үшін зор алғыс білдіреміз. Баршаңызды бүгінгі кәсіби мерекелеріңізбен облыс



әкімі Архимед Бегежанұлының атынан шын жүректен құттықтаймын. Отбастарыңызға амандық, зор денсаулық тілеймін, – деді М.Жүндібәев.

Салтанатты жиында әлеуметтік саланы дамытуға қосқан үлесі, көп жылғы адал еңбегі үшін бір топ сала мамандары қошеметке ие болды. Мәселен, “Еңбек ардагері” медалімен Арқалық қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік серіктестік және еңбек нарығы секторының маманы Әлия Соленкова, ал “Қостанай облысына – 80 жыл” мерейтойлық медалімен еңбек ардагерлері Сейфолла Жаманшаров, Ольга Киколенко, Марғила Мырзабекова, Фания Солодова марапатталды. Сондай-ақ, отызға жуық әлеуметтік сала маманы “Әлеуметтік еңбек саласының үздігі” төсбелгісіне және облыс әкімінің Құрмет грамотасына ие болды.

Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Облыстағы 5 бірдей елді мекенде мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауы тамамдалды. Түрлі себептермен мандатын тапсырған халық қалаулыларының орнына жаңа үміткерлерді жергілікті тұрғындар дауыс беру арқылы таңдады. Тізбектер болсақ, Денисов, Қостанай, Сарыкөл және Таран аудандары мен Арқалық қаласында мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Бұған бас-аяғы 15 үміткер қатысып отыр. Мұндағы ең жас үміткер 25 жаста, мәслихат депутаттығына кандидаттардың ішінде түрлі мамандық иелері – экономист, мұғалім, дәрігер, эколог және қаржыгерлер бар. Он үміткер өзін-өзі ұсынса, қалған бесеуі «Нұр Отан» партиясының аудандық және қалалық филиалдарының атынан түскен болатын. Сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге 6 аумақтық, 5 округтік және 9 учаскелік сайлау комиссиясы тартылды. Аталған округтегі сайлаушылардың жалпы саны шамамен 8,5 мың адамды құрайды.

ҚР Орталық Сайлау комиссиясының мүшесі С.Мұстафина Қостанай ауданындағы сайлау учаскелеріне барып, сайлау науқанын ұйымдастырушылық, құқықтық, әдістемелік және қаржылық қамтамасыз ету мәселелері мен алдағы дауыс беруге дайындықты бажайлады.

– Қостанай халқы мемлекеттік маңызы бар іс-шараларға толық қатысады. Бұдан өзге, ел Президенті мен партиялар сайлауында барынша белсенді. Қостанай ауданында қарттардың саны басым, сондықтан, сайлауға деген ыждаһаттылық жетерлік. Олар өздерінің балаларымен келіп дауыс береді. Кейбір үлкен кісілерге арнайы көлік жіберейік десек, қар-



сылық білдіреді. Өздері келіп қатысуды жөн санайды. Тиісінше, біз де ерте келушілерге сыйлықтар береміз, – дейді Облыстық сайлау комиссиясының төрайымы Антонина Маркова.

Сонымен қатар дауыс беру күні қарсаңында және сайлау күні Орталық Сайлау комиссия мүшесі Қостанай, Денисов және Таран аудандарындағы бірқатар округтер мен учаскелерге барды. Облыстың аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерімен бірқатар кездесулер өткізді. Онда сайлау процесіне барлық қатысушылардың сайлау заңнамасы нормаларының сақталуын қамтамасыз ету мәселелерін, сайлау органдарының дауыс беруді ұйымдастыру мен өткізу, дауыстарды санау және сайлау қорытындыларын шығару жөніндегі міндеттерін талқылауға ерекше көңіл бөлді.

– Мұнда бәрі еліміздің сайлау заңнамасының талаптарына сәйкес өтті. Науқанның барлық кезеңдері, сондай-ақ қажетті сайлау рәсімдері оларға айқындалған мерзімдерде жүзеге асырылып, белгіленген тәртіпке сай болды, – деп атап өтті С. Мұстафина.

Сайлау қорытындысы әлі тексерілуде. Нәтижесі газеттің алдағы санында жарияланатын болады.

Суретті түсірген автор.

Талабы таудай



ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы зерек те зерделі жас буынның еңбегін ескеріп, игі істі қолға алды. Академия басшылығы биыл оқу озаттарының тұңғыш слётін ұйымдастырып, бір топ үлгілі курсантты марапаттады.

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Салтанатты іс-шарада 2,3,4 курстардың курсанттары ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы Мирлан Қызыловтың қолынан арнайы сертификаттарды алды. Құрбы-құрдастарының арасынан қара үзіп, алға шыққан жастардың әрқайсысын мақтанышпен айтуға болады. Себебі, олар жан-жақты, ізденгіш, еңбекқор курсанттар. Олар шығармашылық сайыстарға, білім олимпиадаларына, өнер бәйгелеріне, ғылыми-теориялық конференциялар мен семинарларға қатысып, топ бастап жүргендер. Академияда бүгінге дейін 65 оқу үздігі бар. Үлгілілердің қатары жыл сайын толығын түсуде.

– Сіздердің білім нәрімен сусындап, алға қойған мақсатқа ұмтылып жатқан қадамдарыңыз өзгелерге үлгі болмақ. Үздік оқып, академияның қоғамдық өміріне тікелей атсалысуларыңыз белсенді өмірді көрсетеді және осындай еңбектің арқасында білікті маман атанасыздар. Тәртіп пен тәрбие сияқты қасиеттер тәуелсіз мемлекеттің ішкі істер органдарының қызметкерлерінің беделін арттырады. 2014

жылдан бастап академияның 14 курсанты ҚР Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі бекітілген Жарлығына сәйкес, оқу орнының оқу үздігі төсбелгісімен марапатталды. Академияның 7 үздік түлегі ІІМ генерал-полковник Қасымовтың қолынан арнайы лейтенант шенін алды. Бұл жетістіктер түлек үшін, оның ата-анасы, біздің оқу орны үшін зор мақтаныш.

Мен сіздерді оқуда ғана емес, өмірде де үздік болуға шақырамын. Өз ісінің нағыз ше-

бері, кәсіби маманы болатындарыңызға, жаңа білім мен идеяларды дамытуға қабілетті және инновациялық жаңашылдықтар жасауға қауқарлы екендеріңізге сенемін, – деді ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, профессор, полиция полковнигі Мирлан Қызылов.

Академия түлектерінің арасында, 2016 жылдың түлегі Нұрсұлу Есенгелдина алғашқы болып ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өз қолынан арнайы лейтенант шенін алған еді. Бұл жетістік курсанттарды одан әрі жігерлендіре түсті.

– Мені қолдағаны және еңбегімді жоғары бағалағаны, сенім білдіргені үшін академияның оқытушылар құрамына, курстың басшылығына, академияның бастығына алғыс айтамын. Елбасының қолынан лейтенант шенін алу үлкен құрмет. Президенттің қолынан марапат алатын жастардың қатары ар-



татыны анық. Өйткені, біздің академияда үздік оқитын белсенді жастар көп. Академияда курсанттың оқу үлгіріміне ерекше мән беріледі. Оқытушылық-профессорлық құрамы мықты. Оқу базасы жақсы. Ең маңыздысы курсанттардың белсенділігі, яғни, спорттық жетістіктер мен қоғамдық-мәдени іс-шараларға үлес қосуы ескеріледі.

Мен қазіргі уақытта көші-қон полиция бөлімінде жұмыс істеймін. Академияда алған білімім практикада қажетіме жарады. Ең басты міндет – Отанды қорғау және Отанға адал қызмет ету екендігін естен шығармаңыздар, – деді көші-қон полициясы бөлімінің инспекторы Нұрсұлу Есенгелдина.

СУРЕТТЕРДЕ: оқу озаттары марапатталды.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



● ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

Бастамасы баспанадан басталды



Әлібек
ЫБЫРАЙ

Қазір қай жерде болсын баспанаға мұқтаж жандардың қатары аз емес. Сондықтан, тұрғын үй құрылысын салуға басымдық беріліп отыр. Мәселен, Әулікөл ауданында күні бүгін 300-дей адам үй кезегінде тұрған көрінеді. Әрине, олардың бәрін бір мезетте баспанамен қамтамасыз ету өте мүмкін емес. Дегенмен, жергілікті атқарушы билік қол қусырып қарап отырған жоқ. Ауданға жаңа тағайындалған әкім келе сала түйткілді мәселелерді шешу жолдарын қарастырды.



Соның бірі – халықты қолжетімді баспанамен қамту. Үстіміздегі жылы аудан орта-

лығында үш қабатты тұрғын үйдің құрылысы басталды. Замануи үлгіде бой көтеретін бұл нысанға "Ар-Раиан" құрылыс компаниясы тапсырыс берген. Ал, үйді "Қарасай" ЖШС салып жатыр.

– Осы үй аяқталған соң жанынан тағы бір 18 пәтерлі үй саламыз деп жоспарлап отырмыз. Сөйтіп, аудан бойынша баспана кезегінде тұрғандардың санын сәлде болса қысқарта түспек ойымыз бар, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Дәулетжан Махмұтов.

СУРЕТТЕРДЕ:
Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Дәулетжан Махмұтов; 18 пәтерлі жаңа үйдің сұлбасы. Суреттерді түсірген автор.

Бақай батыр белгісі

А қ ш ы ғ а н а қ ауылдық округінде тарихта өзіндік орны бар Шақшақ Бақай батырдың ұрпақтары бас қосты. Басқосудағы мақсат – өткен тарих бетін парақтап, зерделеп, жас ұрпаққа батырдың ерлігін насихаттап, тәуелсіздіктің еншісіне тарту ету. Осы орайда батыр баба ұрпақтары бірлесе отырып, атымтай-жомарт Жантемір Хамзиннің демеушілігімен биіктігі бес метр болатын ескерткіш белгі орнатты.



Ескерткіштің ашылу салтанатында сөз сөйлеген батырдың ұрпағы, қарт ұстаз Асанхан Шалабаев архивте сақталып, ашылмаған тарихқа шолу жасап, кезінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына және ауыл-шаруашылық саласының өркендеуіне үлес қосқан батыр баба ұрпақтарының есімдерін атап, рухтарына тағзым етіп, бір сәт үнсіздікпен еске алды. Сонымен қатар, ескерткіштің салынуына мұрындық болған Жантемір Батырханұлына елдің атынан алғыс хат табыстап, иығына шапан жапты.

Артынша Асанхан Шалабаев, Әлтай Хамиллин, Сәтайбек Мұқашев ескерткіштің лентасын салтанатты түрде қиып, Нұрхан қажы дұға бағыштады. Ақын Тоба Өтепбаев арнау жырын тарихи тойға тарту етті.



Ауылдық клуб үйінде өткен ғылыми-конференция ұйымдастырылды. Тарихи той бұнымен толастаған жоқ. Қостанай, Арқалық қаласынан келген және торғайлық палуандар боз кілемде бақ сынады. Арқалық қаласының палуаны Нұрсұлтан Сәлімжанов "Түйе палуан" атанды. 2-орынды жаркөлдiк Берiк

Мұхамедияров жеңіп алды.

Бүгінде егемендік алғанымызға ширек ғасыр толған шақта кейінгі ұрпаққа өткеніміздің ізгі істерін мұралау аға буын өкілдерінің қасиетті борышы. Тосын төңірегінде бас қосып, келелі әңгіме өрбітуге жиналған батыр баба ұрпақтарының қуаныштарында шек жоқ. Бабамызға қойған белгіні қоршап, маңайына ағаш отырғызу жұмыстарын Арқалық қалалық "Қайрат" жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Рүстем Шалабаев өз мойнына алды.

Биыл Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында аудан көлеміндегі тарихи ескерткіштер қайта жаңарып, бой түзеуде. Бұл істі одан әрі сабақтастыру келер ұрпақтың еншісінде.

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.
Жанкелдин ауданы.

● ЖОЛДАУ: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ



Жылыжай жыл он екі ай өнім береді

"Мемлекет сіздердің бизнестеріңізді дамытып, аяққа нық тұруларыңызға барлық жағдайды жасады. Бүгінгідей сын сағаттарда сіздерге үлкен жауапкершілік артылады. Қуатты ел болу – бәсекеге қабілетті болу деген сөз. "Қазақстанда жасалған" әрбір бұйымда төрт қасиет – сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан болуы керек. Сонда ғана ісіміз өнімді, затымыз өтімді болады. Өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, бізді сырттан келіп ешкім жарылқамайды".

Н.НАЗАРБАЕВ.

Ағымдағы жылы "Бизнестің жол картасы-2020" мемлекеттік бағдарламасының арқасында сарыкөлдiк кәсiпкер Айжан Бөлегенова күн сәулесiнен қуат алатын желгек құрылысы инновациялық жобасын жүзеге асыруға 3 млн теңге көлемiнде қайтарымсыз грант ұтып алды. Соның нәтижесiнде, өз кәсiбiн ашты. Жылыжай құрылысын жақсы аяқтап, жылу сүйетiн жидектер мен көкөнiстердi, гүлдердi және басқа да өсiмдiктердi өсiре бастады. Тiптi, алғашқы өнiмдерiне де қол жеткiздi.

Жақында аудан әкiмi Эльдар Күзенбаев өңiрде мемлекеттiк қолдаудың көмегiмен кәсiбiн жолға қойған жылыжайдың жұмысымен танысып шықты. Айжан Айтқалиқызының заманауи үлгiде жасалған жылыжайын өз көзiмен көрген өңiр басшысының көңiлi марқайды.

– Жылыжайдағы жұмыстар жақсы жүрiп жатыр. Мемлекет қаражатын тиiмдi жұмсап, берген уәделерiнде тұра бiлдiңдер. Бұл бастамаларың Тәуелсiздiктiң 25 жылдық мерейтойы қарсаңында сарыкөлдiктерге үлкен сый, – деп атап өттi Эльдар Қонысбайұлы.

Айта кеткен жөн, барлық жұмыстарды Айжан жалғыз атқармайды, оған жұбайы – Жөнiбек қол ұшын бередi. Ерлi-зайыптылардың айтуынша, бұл жерде алғашқы тұқымды отырғызу жұмыстары қыркүйек айынан басталды. Қазiрдiң өзiнде кiрiс бар. Мәселен, екi-үш күн бұрын Қостанайға 40 келi көк жуа жiберiлдi. Қияр мен аскөктер де жақсы шыққан. Табиғи таза жасыл өнiмдер нарықтық бағадан шамамен 30%-ға төмен. Ең бастысы, Бөлегеновтар отбасы өз жерлерiн жыл бойы табиғи өнiмдермен қамтамасыз етiп тұрмақ.

– Мен – 6 баланың анасымын. Мемлекеттiк қолдаудың арқасында өзіме жұмыс таптым. Шынымды айтсам, өзімнің кәсіпкер болатынымды елестете де алмайтынмын. Тек бұрын отбасымның игілігі үшін аздаған көшет пен көкөнiстер отырғызып, сәл сатқаным бар. Ендi, мiне, бiздiң өнiмдерiмiздi көптеген сарыкөлдiктер пайдалана алады. Әрине, бұл – өте қуанышты жағдай. Бiздiң елде өз кәсiбiмдi ашамын, жұмыс iстеймін деген адамға мемлекет тарапынан қолдау көп. Сондықтан, жүрексiнбей тың идеяларыңды iске асырып, халыққа игiлiгiн тигiзу керек деп санаймын. Қысқасы, жұмыс iстеймін деген адамның қолынан бәрi келедi екен. Оған кәсiбiмдi ашқан соң көзiм жетiп отыр. Ендiгi жоспарымыз – өз iсiмiздi одан әрi дамыта отырып, ауданның экономикалық саласына қомақты үлесiмiздi қосу, – деп өзiнiң қуанышымен бөлiстi кәсiпкер әйел.

Тағы да бiр айта кетерлiгi, Бөлегеновтар отбасы ресми түрде тiркелген өз бизнестерiн үйлерiнiң дәл қасынан ашқан. Жылыжайдың аумағы – 120 шаршы метрдi алып жатыр.

Үлкен балам екеуiмiз ұдайы көмектесiп отырамыз. Өйткенi, әр өсiмдiкке көңiл бөлiп, оны баптап, аялап отыру үшiн бiр адам аздық етедi, – дейдi жұбайы Жөнiбек Бөлегенов.

"Бизнестiң жол картасы – 2020" мемлекеттiк бағдарламасы жүзеге асырылғаннан берi өңiрде 31 жоба iске асты. Барлығы 1138 шағын және орта бизнес субъектiсi жұмыс iстейдi.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

Қостанай облысы тұрғындарының назарына!

2016 жылғы 14 мамырда Әлия Назарбаеваның "Жандану әлемі" Қоры Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған еліміздің тарихындағы алғашқы кең ауқымды жобасы – "Бала дауысы" Ұлттық балалар ән байқауына (бұдан әрі – Байқау) бастау берді.

Біздің өңірдің атынан Ясмин Ибраева қатысатын болады. Финал 12,13 қарашада "КТК" телеарнасының тікелей эфирінде сағат 18.30-да көрсетіледі. Дауыс беру SMS арқылы өтеді. Біздің жерлесімізді қолдап, дауыс берейік!

● АЙМАҚ

Еңбек еткеннің есебі түгел

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Таран ауданы егін мен мал шаруашылығын қатар дамытып отырған берекелі өңірдің бірі. Жыл сайын шаруалар бітік егін өсіріп, ел экономикасының еселеуіне зор үлес қосып келеді. Биыл аудан бойынша 170 мың гектар алқапқа дәнді-дақылдар себілді. Мәселен, 132 мың 200 гектарға бидай егілсе, 19,5 мың гектар софлор, қарақұмық, рапс, соя, қыша, күнбағыс тәрізді майлы дақылдардың өншісіне тиді. Мұның сыртында аудан диқандары бау-бақша, көкөніс өсіруді қолға алған.

Аудан әкімінің орынбасары Рахат Сейдахметовтің айтуынша, биылғы егіннің шығымы жаман болмаған сияқты. Орташа есеппен алғанда әр гектардан 12

руа қожалығы әр гектардан 16 центнерден өнім алыпты. Бұл жылдағы қалыптасқан дәстүр.



центнерден өнім жиналыпты.

— Шүкір, үстіміздегі жылы да егін орағын белгіленген мерзімде аяқтадық. Табиғаттың тосын мінезіне қарамастан, ешқандай іркіліс болған жоқ, — дейді Рахат Мұхамбетсапаұлы.

Аудандағы ірі серіктестіктермен қатар шағын шаруа қожалықтары да астық қорын молайтуға зор үлес қосқанын айта кеткен жөн. Мәселен, "Саламатов" ша-

Білікті маман Георгий Саламатов жетекшілік ететін қожалық егін орағын жұрттан бұрын аяқтады. Оған соңғы үлгідегі техниканың көп көмегі тигенін айта кету ләзім.

— Биыл барлығы 4 мың гектарға егін өктік. Соның сыртында мың жарым гектарды парға қалдырдық. Көбіне біз бидай себеміз, бұл жолы тұқымның 80%-ін элиталық сұрыпқа айырбастағанбыз. Ойымыз алдаған жоқ, бидай бітік шық-

ты, — дейді шаруа қожалығының басшысы. — Әрине, алдан кездескен кедергі аз болмады. Жаз ортасында жерге бір түйір тамшы тамған жоқ, соның салдары жиын-терім көрсеткішіне көп әсер етті.

Георгий Саламатов биыл да мемлекет қамқорлығын айрықша сезінгенін айтады. Диқандар науқандық жұмыстарды іркіліссіз атқару үшін жанар-жағар май мен тұқымға, минералдық тыңайтқыштарға субсидия алды.

— Бұл біз үшін үлкен қамқорлық. Мемлекет бөлген қаржыға соңғы екі жылда төрт жаңа техника сатып алдық. Мұндай техникамен жұмыс істеу әлдеқайда өнімді, — дейді шаруа қожалығының басшысы.

Ал "Сұлу" ЖШС-інде 15 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кәсіпкер Николай Харченконың есімі дүйім жұртқа жақсы таныс. Бес жасында ата-анасымен бірге Қазақстанға қоныс аударыпты. Николай алғашқыда Қайыңдыкөлде оқып, артынша Щербиновка ауылында орта мектепті бітірген. Механизаторлық мамандықты таңдаған ол аудан көлемінен әріге ұзаған жоқ. Ұзақ жылдар бойы шаруашылықта тер төкті. Абыройсыз емес. Озат механизатордың еңбегін шаруашылық басшылары жоғары бағалап, мейлінше құрмет көрсетуден жалыққан емес.

— Кез келген адам өзіне қолайлы кәсіпті таңдайды. Мен де өзіме лайықты мамандықты игердім. Бізді еке-шешеміз бала жастан адал еңбек етуге, аяңбай тер төгуге үйретті. Құдайға шүкір, сол әдеттен жаңылған емеспін. Шаруашылық қарапайым еңбек адамдарына жақсы қарайласады. Соның айғағы емес пе, науқандық жұмыстарға белсене араласқан жігіттер жыл сайын түрлі марапаттан кенде қалып көрген емес, — дейді кәсіпкер Николай Харченко.

Таран ауданында осындай еңбекқор азаматтар көптеп саналады. Дала төсін дүбірге бөлеген



олар жыл он екі ай бойы тыным табуды білмейді. Соның жемісі болар, аудан жыл сайын мол өнімге қол жеткізіп келеді. Биыл да жергілікті диқандар ел ырыздығын шашпай-төкпей, қамбаға құйып алды. Қамба демекші, ауданда астық сақтайтын үш элеватор бар. Шаруалар еш қысылмайды. Қырман басында тазартылған бидай арнайы жабдықталған қондырғыларда кептіріледі де, сатуға шығарылғанша немесе ұн комбинаттарына жөнелтілгенше элеваторларда сақталады.

— Астық өткізуде ешқандай проблема жоқ. Бәрі өз кезегімен атқарылады, — дейді сөз арасында аудан әкімінің орынбасары Рахат Сейдахметов. Айтуынша, көктемге салым "Азық-түлік келісім-

шарт корпорациясы" арқылы аудан диқандарына 286 млн 900 мың теңге қаржы бөлініпті. Ақша өңірдегі жиырма төрт шаруашылыққа уақытылы берілді. "Алмақтың да салмағын" білетін шаруалар қаржының 61%-ін қайтарып үлгерді. Жыл аяғына дейін барлық берешектен толық құтыламыз дейді аудан басшылары.

Таран ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: Таран ауданы әкімінің орынбасары Рахат Сейдахметов; "Саламатов" шаруа қожалығының алқабында; "Сұлу" ЖШС озат механизаторы Николай Харченко; Қырман басында.

Суреттерді түсірген автор.

● МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР

Жақсылыққа жақсылық — әр адамның ісі

Қымбат
ДОСЖАНОВА

"Бауыржан" қайырымдылық қоры республика көлемінде 10 жыл қатарынан Ұлттық қоғамдық "Алтын Жүрек" сыйлығын тағайындап келеді. Қайырымдылық шарасының мақсаты — жомарт жандардың еңбегін бағалап, жақсылығын асыру.

"Алтын жүрек" байқауына әлеуметтік жәрдемге мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, қолдау білдірген мекемелер, ұйымдар және жеке тұлғалар қатысты. Жеңімпаздар "Жетім балаларға көрсеткен қамқорлығы үшін", "Білімді дамытуға қосқан үлесі үшін", "Мүгедек жандарға көрсеткен қамқорлығы үшін", "Спортты дамытып, оны қолдағаны үшін", "Ардагерлерге көрсеткен құрметі үшін", "Жыл меценаты", "Ақпараттық қолдаушы", "Жылдың қайырымды адамы", "Жыл ұйымы", "Денсаулық сақтау саласына қолдау көрсеткені үшін", "Қазақстанның өркендеуіне қосқан үлесі үшін" номинациялары бойынша

марапатталды. Байқауда бақ сынаған қостанайлық "Үміт-Надежда" қоғамдық бірлестігі "Мүгедек жандарға көрсеткен қамқорлығы үшін" аталымында үздік шықты. Алматыдан олжалы оралған жерлесіміз Дүйсенғали Оспановты жергілікті журналистер Қостанай өуежайында күтіп алған болатын. "Үміт-Надежда" ҚБ төрағасы Д.Оспанов байқаудан алған әсерімен бөлісіп, қоғамдық бірлестіктің жетістіктерін бір деммен айтып берді.

— Мен үшін бұл үлкен марапат. Осы уақытқа дейін мені мемлекеттен басқа ешкім марапаттаған



жоқ. Бұл жолы халықтың алғысын алып отырмын. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қамқорлық көрсету бағытында 11 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Сол еңбек еленіп, бағасын алып жатыр. Қайырымдылық жасау кез келген адамның қолынан келеді. Ең бастысы, ниет болуы керек, — деді Дүйсенғали Оспанов.

Суретті түсірген А.ЖҮЗБАЙ.

Жабайы құстарды аулауды шектеу керек

Қазір ел бойынша суда жүзетін жабайы құстарды аулауға тыйым салу мәселесі талқыға салынууда. Негізі Қазақстанда суда жүзетін жабайы құстар көктемде ұя салу орындарына, ал күзде "қыстақтарына" қоныс аударады.

Қостанай облысында көктемгі аң аулауға ерекше сұраныс жоқ. Көктемде аң аулауды тоқтату экономикалық құлдырауға әкеп соқпайды. Бізде аңшылар көктемде аң көп жүретін алқапқа кіріп, тыйым салынған қаздар мен аққуларға дейін барлық құстарды атып жүр. Мұндай заң бұзушылық бірнеше рет кездескен. Қорықшылар мен инспекторлар тарапынан қатаң бақылау жеткіліксіз болып тұр. Әрине, қорықшылардың ескертуін алса да, аң аулауды тоқтатпай жүргендер де жоқ емес. Құзырлы органдар бұл мәселемен айналысып жатыр.

Судағы жабайы құстарды көктемде аулауға тыйым салу мәселесі бірнеше рет көтерілген. 2013 жылы аңшылық ісін пайдаланушы ұйымдарға хат жолданды. Олардың пікірі екіге бөлінді. Біреулері көктемгі аң аулауды ата-бабаларымыздан қалған ұлттық

құндылық ретінде сақтап қалу қажет деп санаса, енді екіншісі көктемгі аң аулауды қажет емес деп санайды.

Дегенмен, бірнеше жыл ішінде жабайы үйректердің аталықтары мен жәні құрларды көктемгі аулаудың салдарын қорытындылай келе аң аулау мына себептермен қажет емес деп санаймыз:

— Үйректер ұя салу орнына ұшып келгенге дейін жұп құрайды және аң аулау кезінде үйректерді балапандарымен атып алуы мүмкін;

— Көбею кезінде көлдерде мылтық ату судағы құстарды шошытады;

— Сұр қаз, барылдауық, бізқұйрық сияқты кейбір құстарда жұмыртқа басу сәуір айының үшінші жартысында болады, яғни көктемгі аң аулау ашылу кезінде құстар ұяда отырады;

— Аңшылардың төмен мәдениеті.

М.БАЙДІЛДИН,
Жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы бөлімінің бас маманы.

●ҚАЗАҚСТАН – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Рухани келісім – тұрақтылық кепілі

Рухани келісім өте ауқымды, кең көлемді және біздің қоғамда өмір сүріп жатқан азаматтардың барлығына ортақ мәселе екені сөзсіз. Себебі, біздің қазақ елі ежелден бостандық пен еркіндікті, бейбітшілікті аңсаған және сол үшін жанкештілікпен күрескен ел екенін өте жақсы білеміз. Сондықтанда, Елбасының қазақстандықтарға арнаған биылғы Жолдауында және ақпарат құралдары беттерінде жариялаған Ұлт жоспары – "100 нақты қадам" баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет, бес институционалдық реформасының "Біртектілік пен бірлік" бағыты осыны нақтылап, біздің негізгі арманымыз – Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыруға жетелейді және оны орындауға бағыт-бағдар бергенінің куәсіміз.

Өзімді қоғамның толыққанды мүшесі және азаматтық позициям мен өмірлік тәжірибеме сүйене отырып, этносаралық және дінаралық қатынастар туралы өз пайымдарыммен оқырманмен бөліскім келеді.

Кеңес заманы кезінде де бізді "достықтың лабораториясымыз" деп және ұлт пен ұлысқа бөлінбейміз деген ұрандар да болған, бір-ақ, Кеңес Одағы ыдырағанда әрбір ұлттардың арасында түсінбеушіліктер болғаны рас. Алысқа бармай-ақ, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін, Әзірбайжан, Армения, Таулы Карабах, Балтық жағалауындағы елдерде болған қақтығыстар осы күрделі мәселелердің көлеңке тұстарының бетін ашқаны да білеміз.

Бұрын да және қазір де, біз полиэтникалық республикада тұрамыз, ол біздің басымыздан өткен тарихи жағдайларға тығыз байланысты. Отарлау саясаты, тың көтеру, Отан соғысы, репрессия... Міне, осы факторлар біздің қазақ еліне көптеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің келіп қоныс тебуіне әкеліп соқтырды. Әлқиссадан, дос пен көршіге жүрегі мен есігін айқара ашатын қазақ халқы оларды бөтенсіген жоқ, соңғы тілім нанымен бөлісті, қысылып-қымтырылып төрінен орын берді. Біздің еншімізге осы тағдыр тигеннен соң және біз, титулдық ұлт болғаннан кейін еліміздің бірлігін сақтау үшін тәзімділік пен біртектілікті, бірлікті көзіміздің қарашығындай қорғай білуіміз керек. Басқа ұлт екен деп өзекке теппеген жөн, өйткені біздің мақсат – Мәңгілік Ел болу, ол үшін достық пен сыйластықты сақтау біздің қасиетті міндетіміз. Әлі есімде, 90-шы жылдардың басында, бейресми ұлт өкілдері (қазақтар), қазақ халқының сол уақытта жер жүзіне танытқан ақын Олжас Сүлейменовпен кездескенде, ол, біз моноұлт болып қалсақ, онда біз триаболизмге ашық жол береміз де, Африка елдеріндегідей тайпа-тайпаға бөлініп, өзімізбен өзіміз қырқысамыз дегені есімде қалыпты. Шынында да, қазіргі уақытта бізде ақырын да болса, осы ру сұрасып жатады. Хакім Абайдың "Бірің қазақ, бірің дос..." деген ақылынан алшақтаудан да алшақ емеспіз-ау деп ойлаймын. Себебі, тіпті автомашинаның нөміріне дейін өз руымыздың атын жазып жүрміз, ал, бұрын қазекем жөн сұрасқанда, ең бірінші "Малжан аман ба?" деуші еді, қазір "Руың кім?" деп сұрауға көштік. Бұл тенденцияны өз басым құпта-



маймын. Ата-тегіңді білу керек, бір-ақ, руға бөліну дұрыс емес. Бізді алға жетелейтін – ол бірлік. Мысал ретінде айта кетейін, өткен ғасырдың 80-90-шы жылдары мен Арқалықтан 35 шақырым жердегі Ашутасты ауылында партком хатшысы болып қызмет

танып, еңбек етті. Боксит өндірілді, егін мен мал шаруашылығы өркендеді. Сол кезде Арқалық қандай еді? Адам қызығатын қала болатын. Көшелері тап-таза, қалада ортақ мәдениет қалыптасқан болатын және бірнеше ұлт өкілдерінің ізгі істері мен мәдениетін бойымызға сіңіргенбіз. Екі қазақ баласын ажалдан құтқарамын деп, өз басын өлімге байлаған орыс Василий Горбачевтің өрлігін қалай ұмытуға болады?! Білмегендерге, ол кісінің атында біздің Арқалықта көше бар.

Ұлтаралық достық қарым-қатынас, тек қана бір-біріміздің өлеңімізді айтып, билерімізді билегенмен қалыптаспайды деп ойлаймын. Бұлар тек дәнекер ғана. Ал, олай десек, менің ойымша қателесеміз. Негізі ұлтаралық достық пен түсінушілік туралы тәрбие қалыптастыруымыз керек және оған өзіміз мұрындық болуымыз шарт, өйткені біз, қазақтар,

...Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік...
Н.Ә.Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті.

істедім, ол мекенде сол кезде небәрі 25-ақ қазақ отбасылары болды. Барлығымыз да тату өмір сүрдік. Барымызды асырдық, жаманымызды жасырдық, тен-тегімізді тезге салдық. Наурыз мерекесін алғаш өткізер кезде мен өте қатты қиналдым, басқа ұлт өкілдерінің алдында ұятқа қалып жүрмейміз бе деген ой мені жиі мазалады. Бір-ақ, барлық қазақ ұлтының өкілері бір кісідей жұмылып, Наурыз мейрамын жоғары деңгейде өткіздік. Ішімізде "нағыз" да, "шала" да қазақтар бар болатын... Соңынан, басқа ұлттың өкілдері біздің ұйымшылдығымызға таңдайларын көпке дейін қағып жүрді. Аз ғана болсақ та, бұл өткізілген кішкене ғана іс-шара, бізді қазақ ұлтының өкілі ретінде танытты және сыйлата білді. Жоғарыда айтып кеткен Олжас ағамыздың "Көшеде, далада, тіпті, текетіресте де, мені, қазақ деп таны!" деген өлең жолдары бар. Біз еш ұлттан ешқандайда кем емеспіз, оны тарихымыз дәлелдеді.

Отан соғысы кезінде Сталиннің бұйрығымен 24 сағаттың ішінде Солтүстік Кавказдың біраз халқын және этникалық немістерді Қазақстанға жер аударғанын, жазықсыз адамдар жолда қойша қырылып, ал, қалғандары Қазақстаннан орын тепкенін білесіздер, сол ұлт өкілдері бізге – қазақтарға осы күнге дейін дән риза, өйткені біздің аталарымыз оларды бөтенсімей өз бауырына тартты. Ал, сол кездегі кавказдықтардың көрген қиыншылықтары туралы орыс жазушысы Анатолий Приставкинның "Ночевала тучка золотая" атты повесінен анық байқауға болады... Ал, Александр Солженицын сияқты жазушылардың кейбір шығармалары ("Как обустроить Россию") ұлт араздығын қоздырады сөзсіз.

Алысқа бармай-ақ, Арқалық қаласын алайықшы. Екпінді комсомолдық құрылыс қаласы болып жарияланып, бұрынғы Кеңес үкіметінің түкпір-түкпірінен сан ұлттың өкілдері Арқалық қаласын, өзінің екінші Отаны ретінде

титулдық ұлтпыз және еліміздің бірлігіне тікелей жауапты халықпыз. Күнделікті өмірде осы қағиданы мықты есте ұстау қажет. Ұлтжандылық пен ұлтшылдықтың арасы бір-ақ адым екенін әрдайым жадымызда ұстаған жөн. Ол – сіріңкенің күкірті сияқты, өте тез өршитін от.

Осыдан 100 жыл бұрын түріктердің армян ұлтын жаппай қырғаны, 75 жыл бұрын өз ұлтын аса дөріптеген фашистердің әрекеттері жан түршіктіреді. Қаншама уақыт өтсе де оның зардабын әлі тартып келеміз. Сәл ғана тұрмыстық кикілжіңнен ұлтаралық оттың тұтанып кетуі әбден ықтимал. Өртті сөндіргеннен көрі, оны болдырмаған тиімді екенін сіздер жақсы білесіздер. Есімде, Арқалық аймағында әртүрлі лауазымды қызметтер атқарған жылдарымда, әлдебір мәселелер өз пайдасына шешілмеген жағдайларда, кейбір адамдар, менің ұлтымды кемсітіп тұрсындар деген уәж айтқандарының куәсі болдым, олардың ішінде қазақ та, орыс та бар. Міне, осындайда басу айту және келістіру – біздің міндетіміз!

Ал, тіл мәселесіне келсек, бұл да өте күрделі мәселе. Президент айтқандай, бұған аса жауапкершілікпен қарауымыз керек. Бір күнде немесе жуық арада шеше салатын сұрақ емес. Ең алдымен, біз – өзіміз, бір-бірімізбен дұрыстап қазақ тілінде сөйлесе білейік. Қазақ тілі өте бай тіл. Марқұм Герольд Белгер ағамыз "Кез келген қазақты парламентарий ретінде апаруға болады" дегенінің өзі біздің тіліміздің бай ері қуаты екенін көрсетеді емес пе!

Орыстың атақты ақыны А.С.Пушкиннің шығармаларында орыс тілінің 22 мың сөзі қолданыста болса, біздің классик жазушымыз М.О.Әуезовтың "Абай жолы" роман-эпопеясында ғана 19 мың сөз қоры қолданылыпты. Керемет! Орыстың бір айтулы классик жазушысы "Егер досыңмен сөйлескің келсе, онда ағылшынша, ғашығыңмен – французша, жауыңмен – немісше, ал солар-

дың бәрімен сөйлескің келсе, орысша сөйлес" дегенін ертеректе естіген едім, ал, мен осыған өз тарапымнан қосымша ретінде "қазақша сөйлес" дер едім! Қазақ тілі – кез келген тілмен пара пар тіл! Ал, қазақ тілінің тағдыры, тек қана қазақтардың қолында! Бүгінгі балабақшада тәрбиеленіп жатқан барлық басқа ұлттың өкілі ертең-ақ, біздің тілде еркін сөйлесе алатын болады. Оған шүбә жоқ! Ал, сен, менің тілімде неге сөйлемейсің деп, басқа ұлт өкіліне кінә арту дұрыс емес. Алдымен өзіміз, өз тілімізде дұрыс сөйлеп және басқа ұлттың өкілдеріне қазақ тілін үйретуге күш салғанымыз жөн сияқты, күрделі мәселені ат үсті шешуге болмайды. Байсалды саясат ұстанған жөн. Тіл саясаты біздің елімізде дұрыс жолға қойылған, бірақ кемшіліктер де жоқ емес. Біз Армения, Әзірбайжан, Өзбекстан елдері сияқты тіл басымдығына әлі жете қойған жоқпыз. Дегенмен, оң нәтижелер бар. Жаһандық ғылым мен білімге иек артуға, бізге, орыс және ағылшын тілдері көпір болатынын ұмытпағанымыз да абзал.

Мен – діндар адам емеспін, бірақ та имандылық пен жан тазалығына басымды иемін. Менің ойым, жүрегімізде бөтен адамға, көрші-көлемге, жарлы-жақыбайға, жетім-жесірге, дос-жаранға, ағайын-туысқа және өзімізді қоршаған ортаға адамгершілік сезіммен, ілтипатпен, бауырмалдықпен, сабырлылықпен қарайтын көзқарас қалыптастыра білсек, сонда ғана өз дініміз – исламға мойынсұнғанымыз деп есептеймін. Барлық дінге де тәзімділікпен қарау керек. Естеріңізде ме, биылғы жылы Ресейдің бір айтулы спортшысы – ережесіз жекпе-жекпен әлем чемпионы шет елде, Будда статуясын аяғымен теуіп, бүкіл Ресей жұртшылығына күйе жаққаны, сол үшін қалың орман орыс халқы кешірім сұрады! Басқа дінді сыйла, өз дініңді құрметте!

Ал, өздерім мұсылманбыз деп кеуде қағып, жат ағымға ілесіп, адам өліміне себепші болғандарды біз айыптауымыз керек және жастарды ондай іс-әрекеттерден аулақ болуға тәрбиелеу қажет. Ақтөбе мен Алматыда болған жан түршігерлік әрекеттерді айыптай отырып, жастарымызды жат қылық пен қылмыстан арашалау және ондай істерге тосқауыл қою біздің міндетіміз. Дін қызметкерлерінің айтқан уағыздарын қалың көпшілікке түсіндіре білу де біздің борышымыз. Жастардың діни сауаттылығын арттыру мәселесін де ұмытпауымыз керек. Халық болып қолдамасақ, бізге жат ағымдардан құтылу оңайға соқпасы анық. Елбасының дүниежүзіндегі негізгі дін өкілдерімен жүзелей түрде Астанада бас қосып, алқалы жиындар өткізуі де осыдан. Құрбан айттың бірінші күні және Рождествода біз демаламыз. Бұл – дінаралық келісімді онан әрі тығыз байланыстыратын шаралардың бірі.

Рухани келісім туралы өз пайымдарыммен Сіздермен қысқаша бөлістім, дұрыс-бұрысын өздеріңіз сараптарсыздар, тек айтарым, этнос және дін аралық қатынастарға, бүгінгі таңда ерекше көңіл бөлуіміз қажет, себебі, тұрақтылық пен бірлік, достық пен махаббат, біртектілік қана біздің тәуелсіз елімізді, біздің арманымыз – Мәңгілік Ел болуға жетелейтін тура жол! Сондықтанда, бірлігіміз мәңгілік болсын!

Қонысбай АҒУАНОВ.

Арқалық қаласы.

●ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ Күн тәртібінде – ауызсу

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Облыс көлеміндегі елді мекендерді ауызсумен, жылумен қамтамасыз ету – күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі болып табылады.

– Ауданымыздағы қырық бір елді мекеннің сегізі орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге он төрт елді мекен (34 пайыз) жекеленген, яғни құдықтағы, ұңғымадағы ауызсуды пайдаланады. Өрине, аудан тұрғындарын таза ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында қолдағы бар мүмкіндікті пайдаланып отырмыз. Ауыл-село тұрғындарының қырық пайызы орталықтандырылған жүйемен келетін ауызсуды пайдаланады. Ал үй-үйге құбыр арқылы ауыз су келтіретін су құбыры желісінің (жергілікті, топтық желі) ұзындығы 207 км болып табылады. Аудандағы елді мекендерімізді ауызсумен, су тарту жүйесімен "Ұзынкөл Су" мекемесі айналысады. Ал, Ершов, Новопокров, Преснегорьков селолық округтері негізгі тірек селолары болып табылады. Қазір әзірге дайындалған жобалық-сметалық құжаттарымыз жоқ. Алайда, 2012 жылы аудандық бюджет есебінен 349,8 млн. теңге көлемінде "Сокол селосындағы таратушы торапты қайта қалпына келтіру", 1238,7 млн. теңге көлемінде "Тобыл топтық су құбырындағы Карл Маркс-Троебрат селосы учаскесін қалпына келтіру", "Есіл топтық су құбырындағы Ұзынкөл-Воскресенов-Новопокров селоларын қалпына келтіру" жобалық-сметалық құжаттары дайындалды, бірақ аудан бюджетін оңтайландырудың нәтижесінде жобаларға қаржы бөлінбей қалды. Бұл жобалар жүзеге асырыла қалған жағдайда алты елді мекеннің тұрғындары таза әрі сапалы суды пайдаланар еді. Алдағы уақытта қаржы табылып, жобалаған жобамыз жүзеге асады деп ойлаймыз. Қазіргі уақытта тұрғындар 1440 бірлік жекелеген су есептегіш құралдарымен қамтамасыз етіліп отыр. Ауыл-село тұрғындарын жылумен қамтамасыз ету жағына келер болсақ, ауданымызда екі қазандық және 40 автономды жылыту жүйесі бар, – деді Ұзынкөл аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Руслан Сәбитов. Ұзынкөл ауданы.

Жастар

Жастарға арналған қосымша №14 (105)



Жастарға арналған қосымша №14 (105)



Атына
заты
сай
азамат

**«ССКӨБ» АҚ
Металилектеу
зауытының бас
маманы жас
инноваторлар
форумына
аттанбақ.**

Қайсар Ақпанов – Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің 2009 жылғы түлегі. Ол жоғары оқу орнында оқып жүріп-ақ жаңадан салынып жатқан металилектеу зауытына жұмысқа шақырылады. Осыны ескерген университет басшылығы Қайсардың оқу бағдарламасына да бірқатар өзгерістер жасаған көрінеді. Бүгінде жас маман – бірлестіктің мақтанышы. Жеті жылда қатардағы жұмысшыдан басилектеуші қызметіне көтерілуі Қайсар Мұхаммедияұлының өзісіне деген жауапкершілігін, әрі кәсіби біліктілігін байқатса керек. Алған жоғары білімін өз із-

денісімен жетілдіруге ұмтылған ол металлургия саласын жан-жақты зерттеп, жұмысына жаңашылдықтар енгізіп, өндірістің өркендеуіне үлкен үлес қосуды армандайды. Осы мақсатпен 2015 жылы комбинатта ұйымдастырылған «Ұсыныстар жөрмеңкесіне» арнайы жоба да дайындады.

– Басты мақсатым – Металлик зауытында құйылатын құймалар көлемін ұлғайту болды. Көп ізденіс пен есептеулер нәтижесінде сұрып илектеу құрылысымен 120 мм-лік құймаңың орнына 150 мм-лік құймаңы шығаруға болатынын дәлелдедім. Өйткені, әлемдік құйма өндірістерінде үлкен дайындамаларға сұраныс басым. Енді бұдан былай кен алыбының сұранысын ғана емес, жаңа нарыққа шығып, басқа да ірі компаниялардың сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік туды, – дейді Қайсар Ақпанов.

Жаңалыққа жаны құмар жас жігіттің өнертапқыштар жәр-

меңкесіндегі ұсынысы жоғары бағаланып, бірлестік әкімшілігі тарапынан қолдау тапты. Зауыт шығаратын өнім түрі мен еңбек өнімділігі артып, кәсіпорынға қосымша табыс әкелді.

Қайсар күнделікті жұмыстан бөлек қоғамдық-мәдени шараларға да белсене араласады. Салауатты өмір салтын ұстанып, бірлестіктің спорт кешенінде жаттығулар жасағанын, бассейнде жүзгенді ұнатады.

– Жан-жарым мен екі кішкентайымды алып, серуен құрғанда бақыт құшағына енгендей күй кешемін, – дейді кейіпкеріміз. Ол өзінің енгізген жаңашылдығын ағымдағы жылдың қараша айында Астана қаласында өтетін жас инноваторлар форумында ортаға салмақ. Сондықтан жас маманға алдағы маңызды жоспарларын жүзеге асыруына тілектестік білдіреміз.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.



Маржан РАБДЫМӨЛІК

Маржанның әріптестерінің айтуына қарағанда, ол қаралуға келген адамдарды дәл осы суреттегідей күлімдеп қарсы алады екен. Осыдан-ақ, алдына келген науқас адам бірден ауруынан айығып кетуі әбден мүмкін. Себебі мейірімді жүзі жан дүниеңе жылу сыйлап тұрады. Маржан Есімханқызы Қарағанды қаласындағы Қарағанды мемлекеттік медициналық университетіне 2009 жылы түсіп, 2016 жылы тәмамдап, ішкі ағзалар ауруын емдейтін дәрігер атанды. Медициналық оқу орнына түсуіне ағасы Нұрбол себепші болыпты. Өйткені ол да білікті дәрігер.

– Туған жеріме қызмет етіп, өз елімінің алғысын алсам өзімді бақытты санаймын. Елге келгендегі себебім осы. Келгеніме көп бола қоймаса да, ауыртпалығы мол жұмысыма үйренісіп қалдым. Білмеген жерлерімді біраз жылдан бері қызмет істеп жүрген білікті мамандардан сұрап аламын. Қабылдауыма күніне 10-15 адам келеді. Олармен емен-жарқын әңгімелесіп, аурудың басты белгілерін анықтап, қажетті дәрі-дәрмектер жазып беремін. Осы мамандықты таңдағаным өкінбеймін. Елім үшін елеулі еңбек етіп, Торғайдың перзенті деген атқа лайықты болсам, сол да жетеді, – дейді Маржан Ғабдымәлік.



Гүлзат АЛИНА

• Биыл аудандық емхана жас дәрігерлермен толығып жатыр. Сол мамандардың бірі – зертхана меңгерушісі Гүлзат Ғабитқызы. Ол еңбек жолын туған жерден бастауды ұйғарған. Астана қаласындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің биотехнолог мамандығы бойынша бітіріп, “Дипломмен – ауылға!” бағдарламасы бойынша елге келді. Жақсы жұмыс істеп, алған білімінің нәтижесін көрсетуде.

Айзат Серікқызы сөз арасында халық денсаулығының сақшысына айналған әріптестерінің еңбектеріне табыс, отбастарына амандық тілеп, аға-апаларының ізін жалғасын өзіндей білікті жас мамандардың қатары көбейіп, денсаулық саласын дамыту жолында бірлесе еңбек етсек деген ұсынысын жеткізді.

Иә, бірнеше жылдан бері мемлекеттік бағдарламалар бойынша және арнайы жолдама арқылы ауылға келген жастарға жағдай жасалынып жатыр. Ауылды көркейтеміз деп келген осындай жас мамандардың қатары жыл сайын толығып отырса игі.

Жанкелдин ауданы.



Айзат ЖҮНИСОВА

Айзат Серікқызы Ақтөбе қаласындағы М.Оспанов атындағы медициналық университетін биыл аяқтады. Студенттік өмірінің қызықты сәттерін басқа қалада өткізген Айзат сол қаланың азаматымен көңілі жарысып, тұрмыс құрады. Жат жерден жатырқамаса да неге екені белгісіз бір тылсым күш Торғай жаққа тарта береді екен. Кейін қабырғасымен кеңесіп, жолдасымен екеуі бір шешімге келіп, жолда-ма арқылы елге келді. Қазір Айзат Жүнісова жұқпалы аурулар бөлімшесінің меңгерушісі. Негізгі мамандығы – жалпы тәжірибелі дәрігер. Бас дәрігердің мұрындық болуымен аудандық емхана үш бөлмелі үй және үй жиһаздарын алатын 300 мың теңге қаржылай көмек көрсетіпті. Айзаттың ендігі арманы елдің көңілінен шығып, жоғарғы тәжірибелі дәрігер атану.



Студенттердің ұйытқысы – Кіші Ассамблея

Рудный индустриялық институтында Студенттердің Кіші Ассамблеясының кезекті отырысы өтті. «Мәңгілік ел» патриоттық актісі мен онда көрсетілген «Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» құндылығын жастар арасында кеңінен насихаттап жүрген ұйым бұл жолы Тәуелсіздіктің 25 жылдығында жеткен жетістіктерді саралап, бірқатар өзекті мәселелерді талқыға салды. Жиынды институттың тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Жасұлан Алпысбаев ашты. Тәуелсіздік жылдары еліміздің жеткен жетістіктеріне тоқталған ол алдағы уақытта да бірлік, бейбітшілік, отансүйгіштік сынды ұлы ұғымдар әр қазақстандықтың бойынан табылу керектігін айтты. Осы тұста оқу орнының жанынан құрылып, студенттердің ұйытқысына айналған Кіші Ассамблея мен «Мәңгілік ел» орталығының атқарып жатқан қызметі зор екендігін атап өтті.

Қостанай облысы әкімді-

гі «Қоғамдық келісім» КММ басшысының орынбасары Алпыс Қожахметов «Қазақстандық бірдейлік пен тұтастықты нығайту мен дамыту» тақырыбында та- ныстыру жасады.

– Елдің ел болуы, ең алдымен, оның бірлігіне, ынтымағына байланысты екені тарихта да, біздің заманымыз үшін де жаңалық емес. Ол – ақиқат. Ұлттық бірлік – мемлекеттіліктің басты кепілі, айрықша құндылығы екендігін түсініп қана қоймай, соны қалыптастырып, сақтай білген мемлекеттің іргесі де берік, – деді ол.

Елбасының бастама-сымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы көпұлтты халқымыздың саяси-әлеуметтік, мәдени-ұлттық орталығы бола отырып, саяси және экономикалық реформаларды кең құлашта байсалды, тындырымды, нәтижелі негізде жүзеге асыруға үлкен үлес қосып келе жатқандығын тілге тиек етті.

Шара барысында Рудный қалалық ішкі саясат

бөлімінің басшысы Алмат Жылыспаев «Тұңғыш Президентпен бірге бейбітшілік пен рухани келісімнің 25 жылы» тақырыбында сөз қозғаса, Тілдерді оқыту орталығының жетекшісі Жанна Жаңбыршина мемлекеттік тілді меңгеруге бет бұрған өзге ұлт өкілдері туралы әңгімеледі.

– Рудныйлықтардың облыс пен республикалық деңгейдегі шығармашылық байқауларда топ жаруы – қазақ тілін үйренгісі келетіндер қатарын көбейтті, – деді Жанна Ерманқызы.

Кеңесте Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс пен ұлт ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығына арналған ойлар айтылды. Қала мектептері мен колледждерінен келген жастар да қарап қалған жоқ. Кездесу соңында қонақтарға сауалдарын қойып, елдегі бейбітшілік пен келісімді қайтсек көздің қарашығындай сақтауға болатындығы туралы өз ойларын айтты.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.

Ел ермені кімдер?

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев алғашқы күннен-ақ Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударып келе жатыр. Жастарға арналған жобалардың бірі – «Мәңгілік ел жастары – индустрияға», «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы.



Жобаның арқасында қаншама жас білім гранттарымен қамтамасыз етілді. Мемлекет тарапынан жасалынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Қазіргі таңда жастар арасында көптеген проблемалар бар. Жастардың қоғамда адам болып қалыптасуы өзіне байланысты болса да, басты мәселе жұмыссыздық болып отыр. Ал, кейбір салада керісінше кадр жетіспеушілігі туындап, бұл мәселе күні кешеге дейін шешімін таппай келген болатын. Осы олқылықтың орнын «Серпін-2050» бағдарламасы толтырады деп сенемін. Жаңа заман, тәуелсіз ел мұраты — жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр.

Біздер «Ел ертеңі – жастар» деп ұрандатамыз. Кейде осы сөз тым жаттанды болып кеткендей көрінеді. Ел ертеңі дегеніміз кім? Меніңше, ол, ең алдымен, өзіміздің болашағымыз. Әр күнді бағалап, тиімді өткізу. Білімді, еңбекқор жастардың қолында өз келешегі тұр. Осы жолда адаспас үшін, жастар арасында жұмыссыздықты, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын, білім ала алмағандардың мәселесін шешу мақсатында «Серпін іскерлер» қоғамдық бірлестігін құрдық.

Бірлестікте бас қосқандардың өзгелерге көмегі зор. Мысалы, өз жобасын жүзеге асырғысы келетіндерге, кәсіпкерлікпен айналысып, ұйым құрғысы келетін жастарға бағыт-бағдар береді. Мемлекет тарапынан жасалынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақ елін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», — деді Елбасы бір сөзінде. Сондықтан біз өмірімізге салғырт қарамай, бағалай білгенде ғана еліміздің ертеңі болып, Абайша айтқанда, кірпіш болып қаланатынымыз сөзсіз.

Жансерік БАЙДЕНОВ,
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының 2 курс студенті.



Қостанай облыстық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Жастар» таланттар шоуы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Жобаның мақсаты – Қостанай өңірі бойынша талантты жастардың өнерлерін шыңдап, қолдау көрсету, жастардың шығармашылығын дәріптеу.

Үш кезеңнен тұратын сайыста әрбір қатысушы кез-келген жанрдағы шығармашылықтарынан (вокал, би, ұлттық фольклор, көркем сөз, пародия, ақындық шеберлік, гимнастика, жекпе-жек, акроба-

тика және т.б.) өз өнерлерін көрсете алады. Арқалық қаласында өткен іріктеу кезеңіне ауданымыздың жас өнерпаздары қатысып, 2-кезеңге Асылжан Өміржанов жетекшісі Фархад Жүрсінов, Айым Қаршыға жетекшісі Айзада Амантаева, Әйгерім Мұханбетжан және Айым Маратова жолдама алды.

Жас өнерпаздарымызға алдағы қараша айында Қостанай қаласында өткізілетін облыстық кезеңде сәтті өнер көрсетулеріне тілектестік білдіреміз.

Қорлан ФАЗЫЛОВА,
Аманкелді ауданының жастар ресурстық орталығының маманы.

Жастар қосымшасының редакторы
Айтолқын АЙҚАДАНОВА.



● АРДАГЕРЛЕР – АБЗАЛ ЖАНДАР

Ардагерлерді не алаңдатады?

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалықта қалалық Ардагерлер ұйымының VI пленумы өтті.

Пленумға қала әкімі Амантай

Балғарин, қалалық мәслихаттың хатшысы Сабыржан Тасмағанбет және қала мекемелері мен ұжымдарының басшылары қатысты.

Жиында сөз алған қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғаппасұлы тұрақты комиссиялар жұмысы мен қалалық ардагерлер ұйымының жыл ішінде атқарған жұмыстарын жіпке тізді.

Биылғы жылы қалалық Ардагерлер ұйымында "Қазыналы қариялар" мен "Ана дария" мектептері құрылды. Оның құрамына өмір мектебінен өткен түрлі мамандық иегерлері, үлгілі, парасатты ардагерлер тартылған.

Ардагерлердің қалалық мәдениет сарайы жанынан құрылған "Қазына" хоры облыстың, республиканың сарапты сынынан өткен, байқау жүлдегерлері.

Бүгінгі таңда қала аймағы бойынша 4953 ардагер есепте. Қаланың өз басында 1882 зейнеткер тұрады. Қалада – 9, ауылдық жерлерде – 17 ардагерлер ұйымы жұмыс істейді.

Келесі кезекте қалалық жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Әлия Сақанқызы мінбеге шығып, ардагерлерге үкімет тарапынан көрсетілген көмектің барысын тарқатты.

Он ай ішінде көмекке мұқтаж қариялардың тұрмыстық қажеттіліктеріне жергілікті бюджеттен 6. 753,3 мың теңге бөлінген. 614 зейнеткерге 15.086 мың теңге тұрғын үй көмегі тағайындалған.

көрсетуі уақыттың талабымен сұранып тұрған жайт. Өйткені, соғыс ардагерлерінің қатары саусақпен санаулы. Бүгінгі күні жалпы қала өңірін алғанда төрт-ақ майдангер қалған.

Бұрынғы жылдары ардагерлерді қаладағы "Алюминстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты "Көктау" демалыс лагерінде бір аптадай тынықтыру дәстүрге енген болатын. Кейінгі жылдары осы үрдіс күрт тоқтап қалды. Қаладағы емханалардың әрқайсы әр жерде болғандықтан жасы келген кісілердің қаралуына қиындық тудырады. Қала әкімдігінің үшінші қабатында орналасқан қалалық Ардагерлер ұйымы басшысының кабинеті де лифт ол қабатқа тоқтамайтындықтан, қарттардың жиі бас сұғуына мүмкіндік бермей отыр.

Қалада көптеген мекемелердің ғимараттары қызметке лайықталып салынбаған. Емханалардың басындағы проблемалар таяуда облыстық "Қостанай таңы" газетінің бетінде де көтерілген болатын.

Қала әкімі Амантай Кәкімбекұлы жиында қаралған мәселелердің назарда ұсталатынын айтты, пленумға: сот, прокуратура сынды құзырлы органдардың басшыларына дейін қатысып отырғанын, қала мекемелері мен кәсіпорындарының қай шақта да қарияларға қандай да бір көмек көрсетуден тартынбайтындықтарын алға тартты.

Пленум соңында қаралған мәселелер бойынша Қаулы қабылданды.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: пленумнан көрініс. Суретті түсірген автор.



Ардагерлерді не толғандырады деген сауалға тоқталар болсақ, жарыссөзге шыққан ардагерлер: Хамит Досжанов, Оркен Алмат, Совет Керейбаев, Жұмағали Өмірбек, Қайырден Жиенбаев, Рақымжан Бектұрғанов, Бақытжамал Қалтаевалар қалалық ардагерлер ұйымының атқарып отырған жұмыстарына қанағаттанарлық баға беретіндіктерін айта келе, көкейде жүрген көп ойларды да іркіп қалмады. Мәселен, қалада ардагерлердің бас қосып, шүйіркелесетін орынға деген мұқтаждықтары жылдар бойы қордаланып келе жатқан жағдай. Денсаулық сақтау орындарында Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған арнайы палата қызметінің өзге санаттағы қарттарға қызмет

Ардагерлер лаңкестік пен экстремизмге қарсы

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қостанай облысындағы өкіл имамы Бахытбек Тәжімбет облыстық Ардагерлер үйінде "Облыстағы Ардагерлер ұйымының лаңкестік және экстремизммен күрес жұмысы" тақырыбындағы семинар кеңеске қатысты.

Аталмыш шараға облыстағы қалалар мен аудандардағы Ардагерлер кеңесінің мүшелері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті, Дін істері жөніндегі басқармасы және орыс православиесінің қызметкерлері қатысты.

Кездесуді облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин ашып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасады.

Сонымен қатар, осынау басқосуда сөз сөйлеген азаматтар қазіргі таңдағы қалың жұртшылықты толғандырып отырған өзекті тақырып жөнінде өз ойларын ортаға салып, оның аса маңыздылығына тоқталды.

Өз кезегінде өкіл имам Бахытбек Нұрғабұлұлы дәстүрлі Ислам дініндегі теріс ағымдардың зар-



дабы және оларға қарсы өткізіліп жатқан жұмыстар бойынша тоқталып өтті және Ардагерлер кеңесіне Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы шығарған "Дін мен дәстүр" және "Пәтуалар жинағы" кітабын сыйға тартты.

ҚМДБ-ның Қостанай облысындағы өкілдігінің баспасөз қызметі.

● ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Жаңа мешіт бой көтереді

Айбек КӘДІРҰЛЫ

Үстіміздегі жылы Әулікөл кентінде 350 орынға арналған жаңа имандылық үйінің құрылысы қайта жанданды. Елу мыңнан астам тұрғыны бар ауданға заманауи бір мешіттің қажеттілігі әлдеқашан сезілген. Иманға ұйыған ағайын мұны көптен айтып жүрген еді. Міне, сол олқылықтың орны енді толғалы тұр. Аудан әкімі Жансұлтан Тәуекеновтің төрағалық етуімен өткен алқалы кеңеске жергілікті ауылшаруашылық тауар өндірушілері, кәсіпкерлер мен аудан ақсақалдары қатысты.

Жиында мешіттің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде аса зор маңызыдылығы бары баса атап өтілді. Қысқасы, жоба бірауыздан қолдау тапты. Енді игі бастаманы жүзеге асыру мақсатында халықтан қаржы жиналады. Ол үшін "Еуразиялық банктен" тәуелсіз шот ашылды.

Биылғы жаз мезгілінде мердігерлік компаниямен келісім-шарт жасалып, қажетті құрылыс материалдарына тапсырыс берілген. Жоспар бойынша мешіт құрылысы үш жылда аяқталуы тиіс. Мәселен, биыл мешіттің қабырғаларын көтеріп, үстін жабу жоспарланса, келесі жылы күмбезін шатырлау, инженерлік-коммуникациялық жүйе өткізу көзделіп отыр. Ал, 2018 жылы имандылық үйінің ішкі-сыртқы әрлеу жұмыстары қолға алынады.

Мамандардың айтуынша, құрылыстың жалпы сметалық құны 200 млн. теңгеге жуықтайды. Әзірге, мердігерлік компания мешіттің іргетасын бекітіп, жертөле қабатын, бірінші қабаттың қабырғаларын көтеру жұмыстарына кіріскелі отыр. Шарт бойынша құрылысқа қажетті кірпіш, цемент, құм, мешіттің сыртын қаптайтын кірпіш тасымалданды. Құрылысқа 12 адам жұмысқа тартылған.

Әулікөл ауданы.

● ТЕРРОРИЗМ – КЕСАПАТ

Ақпараттық сағат аясында

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Л.Н.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада діни тақырыптар төңірегінде бірнеше мәселелер талқыланды. Шараға Қостанай қалалық мешітінің наиб имамы, магистрант Дүйсен Дайыров қатысты.

Дәріс түрінде өткізілген кездесу барысында студенттер арнайы шақырылған қонаққа көкейде жүрген сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды. Алдымен, Дүйсен Сәрінжіпұлы Ислам діні туралы тұщымды ақпарат берді.

– Ислам діни халықты бейбітшілікке, білім алуға шақырады. Бүгінгі алмағайып заманда жастар үшін білім алу өте маңызды. Соңғы жылдардан бастап еліміз бойынша теологиялық дәрістер, дінтану пәні оқытылып жатыр. Бұл жастардың теріс ағымға түсіп кетпеуіне әсер етеді. Негізі бәрі адамның біліміне, санасына байланысты. Отбасында алған тәрбие алдыңғы орынға шығуы тиіс, – деді наиб имам.

Дүйсен Сәрінжіпұлы Ы.Алтынсариннің "Мұсылманшылықтың тұтқасы" деп аталатын еңбегін оқуға шақырды. Сондай-ақ, оның пікірінше, Абайдың 38-ші қара сөзін әр студент жатқа білгені дұрыс.

Басқосу барысында түрлі пікірлер ортаға салынды. ҚМПИ студенті қазіргі басты тақырыптардың бірі – терроризм турасында сұрақ қойды. Өз кезегінде имам Ислам дінінің нақты міндеттерін түсіндірді. Құранда айтылған хадистерден мысал келтіріп, надандыққа, білімсіздікке тосқауыл болатын бірнеше тетіктерді ұсынды.

СУРЕТТЕ: Қостанай қалалық мешітінің наиб имамы Дүйсен Дайыров.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



• ТАҒЫЛЫМ

Өнегелі өңір

Биылғы мерейтойлар жылы өткен-кеткенге ой жүгіртсем, естіген-оқығаным бір төбе де, көрген-білгенім бір төбе екен. Қай-қайсына да аялдай қарасам, жан қозғарлық, көңіл тербетерлік құбылыстар аз емес.

Биыл мен Аманкелді ауданына үлкен бір мерейтойға шақырумен барып, бір маркайып қайттым. Бұл мақала соның әсері.

Халқымыздың өткен жолын саралап қарасақ, басынан өткізген небір қиянат пен нәубет көріп, халықымыз жойылып кетудің де аз-ақ алдына дейін барып, қайта көтеріліп, өзінің қайсар рухын жоғалтпай, алға ұмтылды. Ақтабан шұбырынды, орыс патшасының отарлауы, аштық, репрессия, отан соғысы, қазақ халқының азаюына себеп болды. Қазақ жерін 49 жыл сілкіндірген полигондар, осының барлығы қазақ халқын жасытып, рухын сындыра алмады. Халық басына төнген нәубеттер Аманкелді ауданына соқпай өткен емес, аудан халқы осы оқиғалардың барлығының ауыртпалығын көтеріп, сыннан мүдірмей өтті.

1916 жылы бастау алған ұлт-азаттық көтерілісі жалғасып, бүгінгі ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке жеткізді. Бүгінгі Аманкелді мен Әліби Жангелдин, Кейкі батыр, Бектепберген Иманов, Өмен Мұсабайұлы, Әбдіғалпар Жанбосыновтың ұрпақтары аштықты, репрессияны, репатрианттарды, тың игеруге келген басқа ұлттардың (неміс, орыс, кәріс, шешен, венгр, т.б.) өкілдерін де өз туыстарындай жылы қабылдап, бауырларына басып, бір атаның баласындай береке бірлікте бірге өмір сүрді.

Аудан халқы аштық жылдары қырылып, қалғаны басы ауған жаққа босып кетіп, кейін ес жиган кезде өз отандарына қайта жиналып, елді көркейтті, дамытты, іргелі елге айналдырды.

Отан соғысы кезінде және одан кейінгі жылдары Социалистік Еңбек ерлері: Сыздық Әбуов, Бейділде Омаров, Қошан, Досан Есболовтар, Мырзағали Алтынбаев, Еркін Шәйкенов, Тарғынбек Тілеулин, т.б. адал еңбегімен ел несібесін еселеп өсіруге ат салысты. Ауданның еңбек ардагерлері Жаңбыршы Жанғабұлов, Абік Нурманов, Уәли Хайруллин, Көшекбай Оспанов, Шіменбай Әлшорин, Мәулен Әбішев ақсақалдар ақыл кеңесі, ақ батасымен елді еңбекке жұмылдырып отырды. Әділетті ту етіп ұстаған еңбекқор халық аудан даңқын асырып, зор табыстарға қол жеткізді.

1980-1990 жылдары осы ауданға келіп "Қараторғай" совхозын ашып директоры болған және ауданның бірінші басшысы болып қызмет істеген кездерімде халықтың бірлігінің, берекесінің, еңбекқорлығының куәсі болдым. Сол жылдары қызметкерлер Әбсадық Нұржанов, Жақсылық Ғайсин, Дүйсен Божманов, Асим Диханбаев, Сабыржан Фазылов, Жақсылық Алпысбаев, Ислам Сексенбаев, Альберт Мурсалимов, Болат Наханов, Ғалымжан Жүнісов, Сабыржан Ахметов, Тоқмырза Нұрсейтов, Хамит Досжанов, Қайыржан Қозғанбаев, Рүстем Оразалин, Қоңыртай Таукенов, еңбек адамдары Сейілхан Сыздықов, Серік Кіназов, Есет Бейсенов, Аманжол Ахметжанов, Жылқышы Әйтішевтер аудандық көркейтпін экономикасын дамытуға ерекше үлес қосты.

Торғай облысы кезінде облыс басшылары болған Е.Әуелбеков, О.Қуанышев мал шаруашылығы саласында 1988 жылы зор нәтижелерге қол жеткізді. Төрт түлік өсірудегі жетістіктері үшін аудан алғаш рет республикалық социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, орталық басқару органдарының Ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Сол жылы "Тұрғын үй-91" бағдарламасы жүзеге асырылып аудан орталығында, үш бірдей әсем қалашық бой түзеді, ауданның күнбатыс жақ сыртынаң бақ орнатылды. "Қараторғай" совхозының аумағындағы Қайыңды Саба, Қаратор-

ғай өзендеріне жаңа көпірлер, Қараторғайдан облыс орталығы Арқалық қаласына дейін көтерме тас жол салынды. Ауданымыз үш жыл қатарынан Торғай облысының көшін бастап облыстық жарыстың жеңімпазы атанды.

1989 жыл ауданымыздың Қостанай облысының құрамына кірген жылы облыс басшылары В.Демиденко К.Укин, Н.Князев кезінде де өрлеу жылы болды. Батыр елі Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, Мәскеудің Ауыспалы Қызыл Туын иеленді. Облыстың ғана емес Қазақстанның көшін бастады. Бұл аудан халқының тарихи үлкен жеңісі, зор табыс еді.

Ауданның мәдениеті де өркендеп Мейрмахан Қапышев құрған халық театры, Сапар Ахметжановтың халық оркестрі, Қалибек Деріпсалдин ансамблінің өнерлері байқауларда жоғары бағасын алып, республикаға дейін танылып жатты.

Амангелдінің мақсаты елінде әділеттік орнату, халықын бақытты заманға жеткізу болған еді. Амангелді батырдың ерлігі хақында Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Нұрхан Ахметбеков, Сәт Есенбаев дастандар мен пьесалар жазса, Ә.Қастеев пен Х.Наурызбаев суретпен бейнеледі. Одан беріде композитор Айтбай Мұздаханов күй, композиторлар Қайыржан Мақанов, Қалибек Деріпсалдин ән шығарып, ақын-журналист Хамитбек Мұсабаев поэма, жырлар жазды.

Бүгінгі таңда Аманкелдінің тарихы әлі толық зерттеліп болған жоқ, әркім өз білгенімен топшылап жүр. Батырдың халқы үшін жасаған ерлігін керексіз етіп алып тастау мүмкін емес, ол әкелеріміздің өмірі, жүрген жолы, қойған мақсаттары еді. Өткенге салауат. Жас ұрпақ аталар өнегесімен, әкелер үлгісімен тәрбиеленіп келді, тәрбилене де береді. Батыр атамыздың ерлігі ұрпағының зердесінде мәңгі қалады. Өткен – өтті, онымен бірге көп нәрсе кетті. Енді жаңа ұрпақ жақсылыққа ұмтылғаны жөн. Ескінің керегін алып, кебегін тастағаны парыз.

Бізге ең алдымен, халықтың бірлігі, тұтастығы керек. Қазіргі заман – жанданду дәуірі. Бұл уақытта әрбір халық өзінің жер бетіндегі өзге ұлттармен бірге сақталуын ойлайды. Демек, қазақ халқының мәңгілік ел болуы үшін ұлтымыз жан-жаққа тартпай, бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарып тірлік жасауы керек. Бұл – 1916 жылғы Қазақстанда болған ұлт-азаттық көтерілістердің тағылымы мен сабағы.

Берімізге – күн, жер, ел, салт-дәстүр, тіл, дін ортақ! Осы ортақ құндылықтар – біздің дербес мемлекеттігіміздің кепілі. Бұлардың ешбірін босаңсытуға болмайды. Адамға туған жермен қатар тұрған жері де қымбат. Мен үшін өзім 10 жыл қызмет істеген Аманкелді ауданы туған жерімдей, туған ауылымдай қымбат! Бұл ел – менің жақсылығымды асырды, кемшілігім болса жасырды, мерейімді өсірді. Мен аудан халқына шексіз ризамын. Ата-бабаларымыздың ғасырлық тойына шақырту алғаным ризамын. Дәм жазып міне, 100 жылдық тойды бірге тойлап, бірге қуандым. Елмен бірге болғанға не жетсін! Қазақта ұлы сөз бар: "Аруақ риза болмай тірі байымайды деген"

Мерейтойға, жалпы ауданға қамқор болған облыс басшысы – Архимед Мұхамбетовке және Аманкелді ауданының әкімі Нұржан Өтегеновке, бір кезде Аманкелді ауданын басқарған, барлық ақсақалдар мен ағалар атынан осы мақала арқылы дән ризалығымызды, алғысымызды айтқым келеді.

Елімізге тыныштық, жұртымызға амандық тілеймін.

Амангелді САДЫРБЕКОВ,
1980-1990 жылдарғы совхоз
директоры, аудандық партия
комитетінің бірінші хатшысы.
Астана қаласы.

Жат бала болмайды

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудныйлық балалар үйі де жылдағы әдетінен жаңылмай Қамқоршы күнін ескерусіз қалдырмады. Алдымен мекеменің психолог мамандары жетімдерді қамқорлығына алған азаматтарды арнайы шақырып, олармен түрлі тренингтер ұйымдастырды. Кейін балалар үйінің акт залында үздік өнер ұжымдарының қатысумен концерттік бағдарлама ұсынды. Шараның салтанатты бөлімінде қамқоршы отбасыларды мерекелерімен қалалық ішкі саясат, білім бөлімінің өкілдері, колледж басшылары мен балалар үйінің директоры, әрі мұндағы 181 тәрбиеленушінің ресми қамқоршысы Павел Коваль құттықтады. Ол өз сөзінде соңғы бес жылда балалар үйінің 133 тәрбиеленушісі отбасын тапқандығын және тағы 219 бала қамқорлыққа алынғандығын атап өтті.

– Бүгінде еліміз бойынша 30 мыңға жуық бала асырап алушы, қамқоршы отбасына мұқтаж. Жыл сайын мыңдаған бала қамқорлыққа алынып жатқанымен, одан да көбі балалар үйіне келіп түсуде. Сондықтан бұл мәселеге бей-жай қарамай, бүкіл қоғам елімізде, жетім, тастанды балалардың болмауына күш салуы керек, – деді ол.

Павель Коваль балалар үйіне үнемі қамқорлық көрсетіп келе жатқан бірқатар мекеме-ұйым басшылығына өз ризашылығын білдіріп, 9 қамқоршы отбасын алғыс хаттармен марапаттады. Солардың ішінде – Рүстем мен Әлия Ғалиевалар да бар. Меңдіқара ауданы, Боровское ауылының тұрғындары жетімдер үйінің 5 баласын бауырына басқан. Үйдің үлкені Айданы 1993 жылы небары 2 айлығында Қостанайдың "Дельфин" сәбилер үйінен асырап алаша, 20 жасар Ринат - Арқалықтағы балалар үйінің тәрбиеленушісі. Одан кейінгі Мансұр мен Адияны "Дельфиннен", ал Надяны Рудныйдың балалар үйінен өз қамқорлығына алған.

– "Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар" деп қазақ айтпай ма? Тағдырдың жазуымен бала сүйе алмадық. Алайда бұған мойыған жоқпыз. Жағдайымыздың көтеруіне қарай балалар үйінің тәрбиеленушілерін қамқорлығымызға ала бастадық. Бауырымызға басып, туған баламыздай көрдік. Бесеуінің ұлты әр түрлі. Аидада орыс пен қазақтың қаны бар,



Ринат – украин, Мансұр – поляк, Надя – орыс, тек Адияның ұлты ғана – таза қазақ. Барлығы үшін қазақ тілі ана тіліндей болып кеткен. Ұлдар жағы маған қолғабыс жасап, техникаға жақын есті. Қыздар болса, үй шаруасына ширақ, егін ексек, жайнатып жібереді, – дейді отағасы Рүстем.

Ғалиевтер жанұясының көпке үлгі боларлық сауапты ісіне сүйсінбеске болмайды. Қазіргі қазақтың жас отбасылары өздері туған 1-2 баласын асырауды қиямет көрсе, кейбір безбүйрек аналар бауыр етін көрінген жерге тастап кетіп жатқанын көз көріп, құлақ естіп жүр. Бұл масқара жағдай еліміздегі отбасы институтының, жалпы қоғамның құлдырауға ұшырағанын байқатса керек.

– Бір отбасылар жалғыз балаға зар болып жүрсе, енді бірі одан құтылуға асығады. Бірақ түптің түбінде сол бала жаңа отбасын тауып жатса, керемет емес пе? Жат бала болмайды. Баланың қадірін түсінбеген жат ана болады. Мен шетелдіктерге бермей, Қазақстанның әрбір жүзінші жанұясы бір баланы асырап алса, елімізде балалар үйі қалмас еді. Не дегенмен қарапайым отбасында тәрбиеленген баланың болашақта жақсы азамат болуына толық мүмкіндік бар, – дейді Әлия Ғалиева.

Ұлық пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) "Ешкімі жоқ жетім балаларды өз асырауына алған адам, менімен жұмақта екі саусақ сияқты көрші болады" деген екен. Балалар үйіндегі бүлдіршіндер мына жарық дүниеге тағдырдың тәлкегін тарту үшін келмегені белгілі. Олар да аналық мейірімді, әкелік қамқорлықты аңсап жүр. Көздері жәутендеп Сізді күтіп отыр. Егер жағдайыңыз көтерсе, әлеуметтік ахуалыңыз мұрша берсе, балалар үйіндегі тастанды сәбилерді асырап алуға, бейкүнә балақайларға ата-ана болуға асығыңыз!

Жаныңда жүр
жақсы адам!

Қазан айының басында-ақ күн суытып, алғашқы қар да жауды. Осындай суық күндердің бірінде көп балалы отбасының балалары Айжан айтып ауданымыздың Сатыбалды Ишан мешітіне хабарласып, көмек сұрадым. Имам Жандарбек Мүбәрәкұлы балаларды түс мезгілінде мешітке әкелуімді өтінді. Келісілген уақытта балалардың анасымен бірге мешітке бардық. Мешітте ауданымыздың бас имамы Жандарбек Мүбәрәкұлы өзі күтіп алып, пікірлескен соң Ал-

ланың үйінің есігі мұсылман бауырларымызға айқара ашық екенін айтып, сол жерде Ақботаға қысқы куртка сыйлап, бір қуантсының балалары Айжан айтып ауданымыздың Сатыбалды Ишан мешітіне хабарласып, көмек сұрадым. Имам Жандарбек Мүбәрәкұлы балаларды түс мезгілінде мешітке әкелуімді өтінді. Келісілген уақытта балалардың анасымен бірге мешітке бардық. Мешітте ауданымыздың бас имамы Жандарбек Мүбәрәкұлы өзі күтіп алып, пікірлескен соң Ал-

ланың үйінің есігі мұсылман бауырларымызға айқара ашық екенін айтып, сол жерде Ақботаға қысқы куртка сыйлап, бір қуантсының балалары Айжан айтып ауданымыздың Сатыбалды Ишан мешітіне хабарласып, көмек сұрадым. Имам Жандарбек Мүбәрәкұлы балаларды түс мезгілінде мешітке әкелуімді өтінді. Келісілген уақытта балалардың анасымен бірге мешітке бардық. Мешітте ауданымыздың бас имамы Жандарбек Мүбәрәкұлы өзі күтіп алып, пікірлескен соң Ал-

Әсем ӘБДІКОВА,
Ә.Боранбаев атындағы орта мектебінің
әлеуметтік педагогы.

● 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

МЕНИҢ "Ұлымын Аманкелді сарбазының" деген "Сарыарқа сазы" атты қос томдығыма енген өлеңім бар. Мен әрі сарбаз ұлы екенімді ауыз толтырып айтып, мақтан етіп жүремін. Кім білсін, қазір сарбаз ұлдары аз-ақ қалған шығармыз.

Әбдірахман – сарбаз әкем
сом білекті,
Сардарға еріп соғыста ерлік етті.
Көтерілсе қатысқан бастан-аяқ,
Кісі еді батыл, қайсар ер жүректі.

Самалына шомылып
жел-жібектің,
Намыстың мен де
туын желбіреттім.
Өзімнен төртінші атам
Бектұр қажы,
Жалғыз ұл немересімін
Сомжүректің.

Жетінші атам – әулие Назар абыз, Ол жайлы талай жақсы тарады аңыз... – деп әрі қарай жалғасады. Осы жыр жолдарынан әкеміздің тегі қандай екені көрініп тұр. Ауылдастары "қажы мен абыз әулиенің ұрпағы" деп құрметтеп, батасын алуға тырысатын. Назар абыз атамның кесенесі Торғайдың Қызбел ауылының қасында. Басына қысы-жазы адамдар түнейді. Жақында барып ас беріп қайттық. Ал өзім абыз әулие бабамыздың атын жебеп-желеп қолдап жүрсін деп, өз атыма қосып алдым.

Әкем Әбдірахман 1916 жылы Торғай өңірі қазақтарының патша үкіметіне қарсы көтерілісі басталғанда 22 жаста, үйленбеген кезі екен. Тетелес інісі Әлөйдарға: "Болашақ шаңырақ иесің, әке-шешемізге қамқор болып, үйде сен қал" деп, өзі сұранып сарбаздар сапына қосылған.

– Сол кездегі тәртіп бойынша, – деп, еске алған әкем, – әр ру өздеріндегі шаңырақ саны мен олардағы ерлер санына қарай сарбаз беретін. Біздің рудан жиырмадан астам сарбаз жиналды. Басшымыз Аманжол есімді жігіт ағасы болды. Бар қаруымыз шолақ найза. Қылыш бірен-саранымызда ғана. Мылтық Аманкелді мен Кейкі батырда және қырық мергенде ғана бар. Басты күшіміз солар, ұрыста салмақ та соларға түседі. Біздікі қол көбейтіп, қаптай шауып, ұран салып дұшпанға сес көрсетіп үрей туғызу. Шіркін, қоян-қолтық шайқасқа келсе, көрер едік дейміз. Бірақ, бізге ондай қолайлы сәт туа қоймады. Торғай қаласын қоршауға алғанмен, ұстап тұра алмадық. Ат үстінде шауып жүріп, үйлерге от қойып, қаланы өртке орадық. Ішкі жақтан оларға қосымша күш келіп, бізге кері шегінуге тура келді.

Сардар мен әскер басылар шегіне жүріп, тосқауыл қойып, ұрымтал тұстарда ұрыс салғызады. Жазалаушы патша әскерінің жолында қалатын Торғай бойындағы ауылдарды кейін қарай қауіпсіз жерлерге үдере көшіріп жатты. Қыс түсті. Қыс болғанда да сол жылы қатал қыс болып, ат тізесінен асатын қалың қар жауды. Мұздай қаруланған жау солдаттары бізді өкшелей шегіндіріп келеді. Екі жақ та бір-бірінің шамасын байқау үшін барлаушылар жібереді. Бірде барлауға бару кезегі маған келді, үш адамбыз. Аманкелді мен Кейкі батыр бастаған мергендер өзен саласының сағасында тасада тосқауылда тұрған. Ал сарбаздар тоғай арасына жасырынған. Біздің міндетіміз алға озып барып, жау әскерінің қай жерде келе жатқанын біліп келу болатын. Сол барлау нәтижелеріне қарай тиісті шешім шығарылады.

Жау қарасы көрінгенге дейін алға бара береміз. Ел көшіп иесіз қалған қыстау үйлерінің төбесіне шығып, түтін мұржаларының тасасына тығылып тұрып қарауыл қараймыз. Дұшпан барлаушыларының артықшылығы оларда дүрбі бар, ал бізде жоқ. Соның арқасында бізді алыстан көріп, өзеннің ой жағындағы талдардың тасасымен байқатпай таяп қалыпты. Кеш болса да біз де көріп қалып, үй төбесінен секіріп түсіп атқа қондық. Қашып келеміз, атысатын біз байғұстарда мылтық жоқ. Қар

паққара, қазіргі Аманкелді ауданы орталығынан да бері өтіп, Ағаштыкөл аталатын қыстауларға жеттік. Ақырғы деуге болатын шайқастар осы жерде өтті. Қырық мергеніміз осы маңдағы қыстаулардың бірінде қоршауда қалып, соңғы демі біткенше, соңғы оғы таусылғанша шайқасып, жауды ауыр шығынға ұшыратып барып, бірі қалмай қаза тапты. Көрген көздер келесі күні жау оншақты шанаға тиген өліктерін алып қайтқанын айтқан. Санап тұрған ешкім жоқ, әрқайсысы жастығын ала жығылғаны

сырып кеткен. Әкем Әбдірахман өз әңгімесінен көрініп тұрғанындай, Аманкелді сарбазы атына сай батыл да қайратты, әділетсіздікке төзбейтін турашыл да намысшыл адам болды. Қажы атасы мен әулие Назар абыз бабасының имандылық жолынан таймай адал да абыройлы өмір сүріп, 1974 жылы өмірден өтті.

Абыз баба мен сарбаз әкенің өмір жолдары менің де өмірлік ұстанымымды тағалап-шегелеп кеткендей. "Ұлымын Аманкелді сарбазының" мақтан үшін жай айтыла салған сөз емес. Сарбаз ұлы қалай өмір сүру керек болса, солай өмір сүріп келемін. Әкемнің жорық қаруы найза болса, менің қаруым қалам-найза болды. Оны қолыма алғаш алғаннан бері:

"...Шындық үшін шырылдап
отқа түсер,
Әділдік сарбаздары
сапындамын!"

– десем, сол саптан 55 жыл бойы табанымды тайдырмай келемін. Менің өмірім де сарбаз әкемнің өміріндей ауыр да бейнетті болды. "Жабылып бар басшысы ауданымның, Ақыры Алматыға ауған ұлмын" деген қос жолдан жас журналистің не үшін қуғын көргені айқын көрінеді. 1970 жылы Алматыға көшіп барған соң әдебиет сыншылығын қолға алып, ақындар мен жазушылардың шығармаларындағы кемшіліктерді өткір сынаған мақалаларым газеттер мен журналдарда жиі жарияланып жатты. Өзгесін айтпағанда, Шерхан Мұртазаның "Қара маржан", Мұхтар Мағауиннің "Көкмұнар" атты романдарын сын садағына ілгенмін. Бірақ солардың бір де бірі шығармашылығыма кедергі келтірген емес. Неге десеңіз, онда сонау Мәскеудегі компартияның орталық комитетінен әдебиет сыны мен сыншыларға мықты қолдау болды. Әдебиет сынын өрістету жөнінде арнайы қаулы да шығарылған. Сының әділ болса, баспаймыз дейтін басылым болмайтын.

Ал қазір ше? Қазір сынға сұраныс жоқ, сыншыға Жазушылар Одағынан да, одан жоғарыдағы тиісті министрліктерден де қамқорлық жоқ. Сыншылар жетім қалдық. Жетімсіреп жүргендердің бірі менмін. Сын мақалаларымды "Қазақ әдебиеті" газеті де, "Жұлдыз" журналы да баспайды. Неге? Алдыңғы бір жылы Жазушылар Одағы ұйымдастырған бір емес, бірнеше Мұшайрада бас бәйгеге "Джип" мінген және бірінші орынға бағаланып, миллион теңге берілген ақындардың өлеңдері сол марапатқа тіпті де лайық емес екенін, қысқасы, өздері бөлісіп алғанын дәлелдеп жазған "Ашынғаннан шығады ащы даусым" деген өткір сын мақалам "Үш қоңыр" газетінде жарияланған. Содан бері Жазушылар Одағы басқармасының қырына ұшырап жүрген жайым бар.

Міне, Аманкелді сарбазы мен сарбаз ұлының тағдыры осындай. Сыр соңы:

Нық қадап намыс туын,
ар қазығын,
Қоғамның жазып келем
бар жазығын.
Сарбаз әкем орнына
қойып кеткен,

Мен соңғы
Аманкелді сарбазымын!
– деген жыр шумағымен түйіндеймін. Аман жүрген Аманкелді сарбаздарының ұлдары болса, сарбаз өкелерінің атына сай бола біліңдер деймін.

**Жұма-Назар Сомжүрек,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі,
ақын, әдебиет сыншысы.**

Сарбаз әкем шерткен сыр

қалың, ат көсіліп шаба алмайды. Мен алдыңғы екеуден қалыңқырап қалдым. Артыма қарасам, олар да үшеу екен, алдыңғысы винтовкасын кезеніп мені көздеп ата бастады. Оқ екі жағымнан да дыз етіп қарға сүңгіп жатыр. Әуелі бір Аллаға жалбарынып, екінші әулие Назар абыз атамның аруағына сыйынып атқа қамшы басып келемін.

Кейде оқ өзіме де тиген сияқты болады, әйтеуір аманмын. Тосқауыл тұрған сайға да таяп қалдым. Аманкелді ат үстінде тықырып тұр екен. Қолында бесатары. Мені өкшелеп келе жатқан жау солдатын атайын десе, оқ маған тиеді. Маған қолын сермеп: "аттан секір!" деп, айқай салды. Мен аттан секіріп түсіп, сайға домалап кеттім. Сол кезде Кейкі екеуі қосарлана атып, үшуін де аттарынан мұрттай ұшырды. Аттары үркіп, қырға қарай ойнақшып шыға берді. Мергендер үшін винтовка оғы алтыннан қымбат. Ал өлгі жау аттарының қанжығасындағы оқшантайлар оқтарға толы. Аманкелді сол оқшантайларды алуға және аттарды қайырып әкелуге "кәне, қайсың барасыңдар?" деді. Ет қызуымен алабұртып тұрғанмын: "өз атым болдырып қалды, мінуге мықты ат берсеңіздер мен барайын" дедім. Тағы екі жігіт қосылды, үшеуіміз тапсырманы жақсы орындап келдік. Батыр "жарайсыңдар" деп арқамыздан қақты.

Енді сол күнгі оқиғаның соңын айттайын. Сөйткенше кеш болып, қонар орынға келіп, сыртқы киімдерімді шеше бастадым. Мойнымда шешем Ажарсұлу тоқып берген қалың түбіт шалмам болатын. Соны мойнымнан алып сілкіп қалғанымда, екі-үш бытыра жерге домалап түсті. Жанымдағы туыс жігіттердің бірі "ой, мынау бесатар оғы ғой, ажалың жоқ екен" десе, екіншісі "әулие Назар абыз атамның аруағы оқты денеңе дарытпаған" десіп жатты. Шынында да солай. Абыз атамның аруағы кейін де талай жерде ажалдан аман сақтаған мені, – деп, сол кейінгі оқиғаларды айта бастады. Мен:

– Әке, көтерілісшілердің жазалаушы патша жасақтарымен кейінгі шайқастары қалай болды? – деп, әңгімені бұрынғы арнасына бұрдым.

– Ой, балам-ай, отқарудың жоқтығынан бармақ тістеген кездеріміз көп болды ғой. Әйтпесе, қырық-елу мың самсаған сарбаздар бірнеше мың солдаттан жасқанып кері шегіне берер ме едік. Сонау Торғайдан шегіне-шегіне, былайша айтқанда, қаша ұрыс сала отырып, сол кездегі Бат-

анық.

Өзім көзіммен көрген көтерілісшілер жағынан аса ауыр шығын Тінәлінің көңі (қыстау үйі) деген жерде болды. Сарбаздар тоғай ішінде, мұз үстінде тұрғанбыз. Бұл кезде жау жағы да байқатпай келіп тұтқиылдан шабуыл жасау тәсілін қолданатын боп алған. Осы жолы тап солай болды. Қалтарыстан тап беріп, отқаруларынан оқты қарша боратты. Мұз үстінде оққа ұшқан адамдар жайрап жатты. Жаппай астам бастадық. Сол жолы жетпістен астам сарбаздар шаһит болды. Қауіп күшті. Көтерілісшіл Торғай елінің тағдыры одан әрі не болары белгісіз еді. Одан бізді Құдай құтқарғандай болды. Ресейдің өзінде төңкеріс болып, Николай патша тақтан құлаған. Сол хабар жетісімен бір-ақ күнде жазалаушы әскер жасақтары кері қайтып, жерімізден тайып тұрды. Қуанышымызда шек жоқ. Қырға, құмға, алыстағы сай-салаларға үдере көшіп жасырынған жұрт өз мекені қыстауларына қайтып, бейбіт тірліктеріне кірісті.

Бірақ, нағыз бейбіт өмірдің ауылы алыс болатын. Ақ әскердің орнына қызыл әскер келді. Жеңіліп онтүстікке қарай қашқан ақтардан көрген қорлық та аз емес. Оның қайсын айта берейік. Бір күні Торғайда қызыл комиссар болып тұрған Аманкелдінің бүлікшілер қолынан қаза тапқаны туралы жеткен қаралы хабар елді есеңгіретіп тастады. Бұл кезде Аманкелдінің атағы жер жарып аспандап тұрған. Нағыз ертегінің батырларындай мергендігі, қолбасшылығы, ерліктері аңызға айналып, есімі ел аузынан түспейтін. Сөйткен батырынан айырылу халық қабырғасына қатты батты.

Ел не көрмеді дейсің. Елмен бірге әкенің де көрмегені жоқ. Аштық жылдары жапан далада жалғыз келе жатқанымда, қарсы алдымнан бірнеше аш адамдар шыға келіп жеп қоя жаздағаны бар. Шолақ найза жасап алғанмын, соны сермелеп жүріп өзер құтылдым. Байғұстың бірінің бетіне найзам қатты тиіп жараланып қалды. Ал соғыс жылдары Сібірде еңбек армиясында болып, ағаш дайындадық. Өзің көргендей содан бері колхоз жұмысындамыз, – деп әкем әңгімесін аяқтады.

Әкем 1894 жылы туған. Сол жылы атасы Бектұр қажы Меккеге қажылыққа аттанып бара жатып, баласы Сомжүрекке "келіннің аяғы ауыр ғой, ұл туса атын Әбдірахман қойыңдар, қыз туса өздерің біліңдер" деп, тап-

Асқа шақыру

1955 жылы әке-шешемнің қолқалауымен жасым жиырмаға толмаса да он жеті жасар Бағытай деген қызға үйлендім. Құда түстік, той жасадық. Қызмет істедім, тұрмысымыз жаман болған жоқ. Іні-қарындас-тарым қасымда болды.

Өмірлік серігім Бағытай әртүрлі қызметте, кейін бухгалтерлік жұмыста жүріп зейнетке шықты. Отбасылық жағдаймен Қостанайға көшіп келдік. Тұңғышымыз Әнуәрбек, одан кейін екі ұл болды, ерте қайты, одан соң ұлымыз Манарбек, одан соң 3 қыз туды. Балаларымызға тәрбие беріп, оқытып, қатарға қостық. Бұл орайда, жан жарым Бағытайдың еңбегі айрықша. Ол отбасының ырыс-берекесі ғана емес, ағайын-туыстың, құда-жек-жатымыздың тату-тәтті қарым-қатынасының ұйытқысы болды. Алпыс жыл бірге өткізген Бағытайым еске түскенде жүрегім толғанбай тұра алмады:

Бес бала Алла берді бірге көрдік,
Ата-ана, балалармен бірге болдық.
Есейді өсіп-өніп білім алды,
Арманы орындалды, көңілі толды.

Кердің сен бес баладан бес немере,
Немереден келді өмірге бір шөбере.
"Нұрайым" деп баланың атын қойдың,
Болсын — деп ел жұртыңа бұл өнеге.

Адал досым, Бағытай өр көңілді,
Ойлап жаттың артыңда ұрпағыңды,
Қалың жұрт тапсырды жер құшағына,
Алла мәңгі жайлы етсін мекенінді.

Жан жолдасым Бағытайдың асы Қостанай қаласындағы "Premium Palace" мейрамханасында қарашаның 5 күні сағат 12-00-де беріледі. Барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандас-тарды асқа шақырамыз.

Ас иесі — Жәлел Сұлтанғазин, 8-705-143-23-11.



Кравец Сергей Яковлевичтің сенімді тұлғасы — Калиевский Владимир Сергеевич кепілдік мүлкі сот қарауынан тыс өткізу тәртібінде Қостанай облысы, Федоров ауданы, Воронеж ауылдық округінің аумағында орналасқан, шаруа қожалығын жүргізуге арналған: кадастрлік нөмірі 12-191-037-160 алаңы 88,1 га, және 12-191-037-646 алаңы 6,0 га жер теліміне тұрақты жер пайдалану құқығын сату жөнінде сауда өткізетіні туралы хабарлайды. Сатып алу бағасы сауда өткізу сәтінен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде қолма-қол ақшамен енгізіледі.

Сауда-саттық 2016 жылғы 11 қараша, сағат 10.00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Воронеж селолық округі, Придорожное ауылы.

Өтінімдер 2016 жылғы 10 қараша, сағат 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жері бойынша Федоров ауылы, К. Либкнехт көшесі, 2 "В" үйде қабылданады. Анықтама телефоны: 8-701-906-96-30

Доверенное лицо Кравец Сергея Яковлевича — Калиевский Владимир Сергеевич в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельный участок, расположенный на территории Воронежского сельского округа, Федоровского района, Костанайской области, предназначенным для ведения крестьянского хозяйства: земельные участки с кадастровыми номерами 12-191-037-160 площадью 88,1 га., 12-191-037-646 площадью 6,0 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течении 5-ти календарных дней с момента проведения торгов.

Торги состоятся 11 ноября 2016 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Федоровский район, Воронежский сельский округ, с. Придорожное.

Заявки принимаются в срок до 18.00 часов 10 ноября 2016 года.

По месту нахождения доверенного лица в п. Федоровка ул. К. Либкнехта, дом 2 "В", телефон для справок: 8-701-906-96-30.

Күнтізбе жарық көрді

Л.Н.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы 2017 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбесінің кезекті 44 шығарылымын дайындап шығарды.

Күнтізбенің негізгі мақсаты — облыстың танымал тұлғалары мен оның тарихы, мәдениеті, экономикасы туралы ақпарат беру.

Басылымға өлкеміздің атаулы тарихи оқиғалары мен атақты адамдардың мерейтойлары жайында ақпарат енгізілген. Сондай-ақ облысымыздың тарихи, мәдени, экономикалық, әлеуметтік дамуына ат салысып жатқан мекемелер мен ұйымдардың да даталық күндерін табуға болады.

Бұл көрсеткіштен көпшілікке танымал көптеген белгілі қайраткерлердің өмірі мен атқарған қызметтері жайлы мәліметтер табуға болады. Атап айтсақ, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Б. Байқадамов пен ҚазКСР еңбек сіңірген мұғалімі, ҰОС-ының ардагері Қ.З.Зәкіров 100 жасқа, әнші Б.Жүсіпбеков, композитор С.А.Забережников, ақын Ф.Ә.Бердалинова, жазушылар Т.С.Әбдік және Ә.Қайсар, қоғам қайраткерлері А.С.Денисов және Ұ.Г.Семёнова, "Қостанай баспа үйі" ЖШС Бас директоры А.В.Тарасенко мен мемлекеттік қызметкер В.П.Ремезов 75 жасқа, "Карнавал" би ансамблінің көркемдік жетекшісі Ш.Ә.Фахрутдинов 65 жасқа және т.б. толады.

Сонымен Рудный жұмысшы кентіне қала мәртебесі берілгеніне 60 ж., "Қостанай қаласының құрметті азаматы" атағы бекітілгеніне 50 ж. Бұлар

дан басқа 2017 жылы келесідей мекемелер мен ұйымдар өздерінің мерейтойларын атап өтеді: Қостанай қ. әкімдігі білім бөлімінің № 1 балалар музыкалық мектебіне 75 ж., Шахмат клубына 30 ж., "Жемчужина Стомед" медициналық холдингі құрылғанына 25 ж. және т.б.

Жыл өткен сайын азайып келе жатқан Ұлы Отан соғысы ардагерлері ерлігінің алдында басымызды ие отырып "Күнтізбенің" бұл шығарылымында қазіргі кезде жанымызда жүрген 2017 ж. ардагер-мерейгерлердің тізімін жариялап отырмыз.

Басылым негізінен кітапханашыларға, ақпараттық орталықтың, баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне, мұғалімдерге, студенттерге және облысымыздың тарихын танып-білгісі келген оқырмандарға арналған.

2017 жылдың негізгі оқиғалары мен мерейтойлық күндері: Астана қ. өтетін ЕХРО-2017 халықаралық көрмесі, Алматы қ. өтетін Бүкіләлемдік қысқы универсиада, Туризмді тұрақты дамытудың халықаралық жылы, "Алаш" саяси партиясының рәсімделуіне негіз салған І-Жалпықазақ съезі (100 жыл), ҚР Мемлекеттік рәміздері бекітілгеніне 25 ж., ҚР Қарулы Күштері құрылғанына 25 ж.

Қостанай облысының 2017 жылға берілген атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінің материалдарын www.kstounb.kz кітапхана сайтынан алуға болады.

Ә.СӘЛІБАЕВА,
ақпараттық-библиографиялық қызмет
көрсету секторының меңгерушісі.

Кәсіптің көзін тапқан

Шаттық — еңбеккер. Айналасындағыларға үнемі қол ұшын беріп, көмектесіп отырады. Оның кішіпейілділігіне ауыл тұрғындары дән риза. Шаттық Көпеев Саға ауылының байырғы тұрғыны. Кезінде Саға ауылдық клубында меңгеруші болып қызмет істеп жүрген уақытында көпшілік ішінен көрінбей жүрген дарын иелерін Торғай жұртшылығына насихаттап, ауыл мәдениетінің өркендеуіне үлес қосты. Артынша мал шаруашылығымен айналысуды жоспарлаған ол "Сыбаға" бағдарламасына қатысып, 20 млн теңге көлемінде несие алды. Етті бағыттағы мал шаруашылығын дамыту үшін асыл тұқымды бұқа сатып алған. Қазір Шаттықтта 300 бас мүйізді ірі қара малы, 100-ден астам қой-ешкі, бір үйір жылқысы бар. Науқан айларында қысқы мал азығын дайындау ол үшін қиындық туғыза қоймайды. Себебі шаруашылығын толық қанды қамтамыз ете алатын техникалары да

жетерлік.

— Бүгінде жеке ісін дөңгеле-темің деген азаматтарға Үкімет тарапынан үлкен қолдау бар. Бұл орайда кәсіпкерлерге қаржылық көмек көрсету мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламалар әзірлеген. Осындай жобалардың бірі "Сыбаға" бағдарламасы. Аталған бағдарлама аясында шынайы еңбектеніп, мал шаруашылығын дамытқысы келетіндерге мүмкіндігі мол бағдарлама. Оның үстіне Торғай жері мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы өрі жері шұрайлы. Тек мойнымыздағы жалқаулықтың қамытын алсақ болғаны, — дейді шаруа қожалығының жетекшісі Шаттық Көпеев.

Расында, жаздың аптап ыстығына, қыстың қақаған суығына төзе біліп, қолдағы азын-аулақ малды күтіп-бағып, баптасаң ғана маңдай теріңнің өтелегені. Шаттық тек мал шаруашылығымен айналысып қана қоймай, ел игілігі үшін өз қаражатына 15 адамдық монша салды. Монша-

ның құрылыс материалдарын, ұсақ-түйек керек заттарды облыс орталығынан жаз бойы тасыған. Соның нәтижесінде зәулімдей монша бой көтерді. Мұндай монша қалалы жерлерде жиі кездесе бермейді. Еден орнына төсеген сырлы кірпіштің (кафель) астынан жылу жүйесін жүргізген. Жалаң аяқ жүргенде табаныңнан өткен жылу тұла бойыңа ерекше қуат бергендей сезінесің. Аз уақыт тыныстап, шәй ішетін арнайы демалыс бөлмесі де бар. Ал қыздырылатын бөлмесі талапқа сай. Оның есігі қаладағы моншалардың есігіндей шыны. Моншаның жұмыс кестесіне келер болсақ, жұма күндері әйел адамдар, сенбі күні ер адамдар, жеке сенбі күні мектеп оқушылары шомылады. Бағасы да анау айтқандай қымбат емес. Шаттық моншаның сыртын қоршап, сыртқы қабырғасына түрлі-түсті ою-өрнектер салуды жоспарлап отыр.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.
Жанкелдин ауданы.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!

Зейнеткерлікке шығуыңызбен!

Әкесі Қуандықтың кешке айтқан әңгіме-дастандарынан, анасы Зейнептің жатарда айтқан ертегі-жырларынан халық ауыз әдебиетінің жауһарларымен сусындап, ұлтымыздың ой-толғамдарын санасына сіңіріп, Алаш рухты ақын, ұлтжанды азамат болып қалыптасқан, бүкіл саналы өмірін баспасөзге арнаған журналист, ақын, ардагер аталарымыздың рухани мұраларын зерттеуші жазушы, бала күннен бірге өскен досымыз **Хамитбек Қуандықұлы МҰСАБАЕВТЫ** зейнет жасына жеткізген туған күнімен құттықтаймыз!

Отбасына амандық тілей отырып, өзіне мықты денсаулық, ұзақ шығармашылық ғұмыр тілейміз!

Достары: Бақытбек - Зейнеп, Есім - Гүлшат, Рашид - Алма, Мұздыбай - Роза отбасылары.



Құттықтаймыз!

Жанкелдин ауданы, Аралбай ауылының тұрғыны, құрметті анамыз, сүйікті әжеміз **АХМЕТОВА Ұлжанды** қараша айының 1-ші жұлдызында болатын 53 жас туған күнімен құттықтаймыз.

Бүгінгі қуанышты күніңізде Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Құтты болсын келген туған күніңіз, Тілекші көп, біз де соның біріміз, Үзілмесін өміріңнің жыр-әні, Бақытыңның өрге тартып бұлағы. Еңбегіңнің тек зейнетін көре бер, Келер күннің сәулелі боп шуағы.

Ігі тілекпен: жолдасы - Мәлік, балалары - Эльмира, Айдын, Серік, Маржан, Аян, Аяжан және немерелері.



Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2015 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен "Бахыт-Мунай" ЖШС банкрот деп танылды, банкроттық рәсімі басталды.

"Бахыт-Мунай" ЖШС Банкроттық басқарушы (БСН 000940001466) сатып алушылардың банкроттың мүлкіне сұранысын зерттейді, саудаға бірыңғай лотпен шығарып тікелей сату әдісі арқылы, мекенжайы: Қостанай қ., Мәуленов к., 35 үй.

Борышкер мүлкінің құрамына кіреді:

1. Автокөлік, маркасы КамАЗ-54115 912 13, 2008 ж.ш., мем. номері Р 877 СН, (сынып түр);
2. Автокөліктің жартылай тіркемесі ППЦ-96742 010 01 (цистерна), 2008 ж.ш., мем. номері 4190 PD, (қанағаттанарлық);
3. Автокөлік, маркасы MERCEDES BENZ 300, 1991 ж.ш., мем. номері Р 005 CF, (жинақталған емес);
4. Автокөлік, маркасы Toyota Land Cruiser 100 GX, 2005 ж.ш., мем. номері Р 888 CE, (сынып түр);
5. Автокөлік, маркасы Ваз 21074, 2007 ж.ш., н/с, тіркеуден шығарылған, (сынып түр);
6. Автокөлік, маркасы Газ-53, 1988 ж.ш., н/с, тіркеуден шығарылған, (сынып түр);
7. Цистерна ГКБ АЦ 4,2, 1986 ж.ш., мем. номері 8882 PD, (жинақталған емес);
8. Автокөлік, маркасы Ваз 21112, 2006 ж.ш., мем. номері Р 591 CUA10, (сынып түр);
9. Автокөлік, маркасы LADA 21214, 2013 ж.ш., мем. номері Р 497 ESA10, (сынып түр).

Барлығы -автокөлік құралдарының бірыңғай лотпен нарықтық құны 11 000 000 (он бір миллион) теңгені құрады.

Өтінімдер осы хабарландыру жарияланған күннен бастап сағ.09.00-ден сағ. 19.00-ге дейін қабылданады, мекенжайы: Қостанай қ., Мәуленов көшесі, 35 үй, тел. 8-777-302-80-57, 8-775-380-84-57, электрондық пошта: zhumakovsergazv@mail.ru.

Решением специализированного мирового экономического суда Костанайской области от 07 апреля 2015г. ТОО "Бахыт-Мунай" признано банкротом, возбуждена процедура банкротства.

Банкротный управляющий ТОО "Бахыт-Мунай" (БИН 000940001466) изучает попутательский спрос на имущество банкрота, методом прямых продаж единым лотом, по адресу: г.Костанай, ул.Мауленова д. 35.

В состав имущества должника входит:

1. Автомобиль марки КАМАЗ-54115 912 13, 2008 г.в., гос. номер Р 877 СН (неисправен.)
2. П/прицеп марки ППЦ-96742 010 01 (цистерна), 2008 г.в., гос. номер 4190 PD (удовлетворительное).
3. Автомобиль марки MERCEDES BENZ 300, 1991 г.в., гос. номер Р 005 CF (разуккомплектован).
4. Автомобиль марки TOYOTA LAND CRUISER 100 GX, 2005 г.в., гос. номер Р 888 CE (неисправен).
5. Автомобиль марки ВАЗ 21074, 2007 г.в., без номера, снят с учета (неисправен).
6. Автомобиль марки Газ 53 (бензовоз), 1988 г.в., без номера, снят с учета (неисправен).
7. Прицеп ГКБ АЦ 4,2, 1886 г.в., гос. номер 8882 PD (разуккомплектован).
8. Автомобиль марки LADA 21112, 2006 г.в., гос. номер Р 591 CUA10 (неисправен).
9. Автомобиль марки 21214, 2013 г.в., гос. номер Р 497 ESA10 (неисправен).

Итого рыночная стоимость автотранспортных средств единым лотом составила 11 000 000 (одиннадцать млн.) тенге.

Заявки принимаются со дня опубликования настоящего объявления с 09.00 час. до 19.00 час. по адресу: г.Костанай, ул. Мауленова, д.35, тел. 8-777-302-80-57, 8-775-380-84-57, электронная почта: zhumakovsergazy@mail.ru.

"Шунушев Нуржан Жаксалыкович - "Рудагросервис" ЖШС сенімді тұлғасы, кепілдік мүлкі соттан тыс өткізу тәртібімен келесі мүлкіктің саудасы өткізілетіні туралы хабарлайды:

№16 кіре беріс жол (№86 бағыттама ауыстырудан тірекке дейін) ұзындығы 210 кұма метр, 05.11.2026 жылға дейінгі мерзімге жер пайдалану құқығымен бөлінбейтін жер телімі, кадастрлік нөмірі 12-195-001-4342, алаңы 0,5038 га, өндірістік базаға қызмет көрсету және пайдалануға арналған, орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Рудный қ., Тимирязев көш., 2 А құрылыс.

Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде енгізіледі.

Сауда 2016 жылғы 11 қараша сағ 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Рудный қ., Тимирязев көш., 2 А құрылыс.

Өтінімдер 2016 жылғы 10 қараша сағ. 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қаласы, Киевская көш., 17 үй, анықтама үшін тел. 8-(71-42)-56-10-46.

• Ы. АЛТЫНСАРИН – 175 ЖЫЛ



Ұлттың ұлы ұстазы



Туған халқының талантты перзенті Ы.Алтынсарин қазақ халқының мәдениеті мен тарихының алтын қорына үлес қосумен қатар, өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас мол мұра қалдырды. Ұлы ұстаз атындағы «Жұпар» балабақшасының 5-6 жас аралығындағы «Ертөстік» тобының тәрбиеленушілері Айсұлу Қайрат, Айлуна Уадутбек, Асыл Әділханова, Бекжан Тарғынбек қатысып, жүлдегер атанды.

Айлуна Уадутбек, Асыл Әділханова үшінші дәрежелі дипломмен, ал Бекжан Тарғынбек сертификатпен, Айсұлу Қайрат бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері болса алғыс хатқа ие болды.

рай мектебінің макеттері, буклет, альбом, портрет сияқты құнды заттардан көрме ұйымдастырылып, спорттық сайыстар да болды. Бастауыш сынып оқушылары Ы. Алтынсариннің тәрбиелік әңгімелерін сахналандырып көрініс көрсетсе, 5-8 сынып оқушылары арасында «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында Ыбырай Алтынсарин өлеңдерін жатқа оқудан сайыс өтті. 9-11 сынып оқушылары «Ы.Алтынсарин – тұңғыш қазақ педагогы» атты ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды. Оқушылар XIX ғасырдың қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушысы дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ы.Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор екендігін жан-жақты зерттеп, жобаларын қорғаудың мәліметтерді ұсына білді.

Арайлым АХМЕТЖАНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы Обаған орта
мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

Алтынсарин ауданы.

Ыбырай оқуының жеңімпазы

Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы, балалар әдебиетінің атасы, ұлы педагог Ы.Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына байланысты ұйымдастырылған аудандық «Ыбырай оқулары-2016» байқауының «Сөз иесі» номинациясы бойынша Н.Мейірманов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің 10-сынып оқушысы Нұржан Жолтаев бірінші орынды

иеленді. «Ыбырай оқулары-2016» байқауына оқушысын сапалы дайындағаны үшін жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ұлмекен Жұмағалиева алғыс хатпен марапатталды.

Ұзақбай ӘБДІҒАЛИ,
Н.Мейірманов атындағы орта мектептің педагог-психологі.
Аманкелді ауданы.

Жүлдегерлер қатарында

Гүлназым
САҒИТОВА

Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында өткен «Мультфильмдердегі менің сүйікті кейіпкерім» республикалық интернет байқауына Аманкелді ауданындағы «Жұпар» балабақшасының 5-6 жас аралығындағы «Ертөстік» тобының тәрбиеленушілері Айсұлу Қайрат, Айлуна Уадутбек, Асыл Әділханова, Бекжан Тарғынбек қатысып, жүлдегер атанды.

Айлуна Уадутбек, Асыл Әділханова үшінші дәрежелі дипломмен, ал Бекжан Тарғынбек сертификатпен, Айсұлу Қайрат бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері болса алғыс хатқа ие болды.

Ұстазы талантты, шәкірті талапты



Жуырда "Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз" атты жинақ жарық көрді. Кітапқа республика көлеміндегі білім беру жүйесінің үздік қызметкерлері енгізілген. Тағылымы мол жинақтан Қостанай облысы бойынша 49 мұғалімнің ішінде №7 орта мектебінің 9 ұстазы туралы оқи аласыздар.

Басылым мектеп өміріне белсене араласқан ұлағатты ұстаздардың жетістіктерін паш етеді. Жинақ оқырмандардың ұстаздар қауымына деген ілтипатын оятып, өзіне бірден баурап алады. Жинаққа енген Нұржамал Хасенова, Гүлжазира Смағұлова, Раушан Рамазанова, Күлбаран Қасымова, Нұргүл Ибраева, Ғалия Байкенова, Ләззат Ахметова, Меруерт Абдрахманова, Райка Куанышбаева сынды ұстаздардың әрқайсысының еңбегі бір төбе. Тарқатып айтсам, бастауыш сынып мұғалімі 30 жылдық еңбек өтілі бар Раушан Рамазанова "Тәуелсіздіктің 20 жылдығына тарту" кітабына енгізіліп,

тәжірибесі қалалық педагогикалық қорға кірген. Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Гүлжазира Смағұлова "Үздік педагог – 2012" сайысының жеңімпазы, төсбелгі иегері. Білікті ұстаз, физика пәнінің мұғалімі Нұржамал Хасенова Кеңес Одағы жастарының "Үздік ұстаз" төсбелгісін иеленіп, ҚР Білім министрлігінің Құрмет грамотасын еншілеген. Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Райка Куанышбаева қала деңгейінде "Үздік тәрбиеші" атанса, 2-деңгейлі сертификаты бар жас маман Меруерт Абдрахманова 1-ші халықаралық "Менің инновациялық сабағым" сайысының 2-ші орын жүлдегері. Ал, осы бір қиындығы мен қызығы қатар жүретін еңбек майданында 31 жыл шыңдалған, физика пәнінің мұғалімі Ләззат Ахметованың да еңбегі ұшан теңіз. Оның білім саласындағы еңбегі бағаланып, "Үздік адамдар" энциклопедиясына енген, бірнеше электрондық оқу-құралының авторы. Бұл орайда "Парасатты басшылық, мұғалімге жақсылық" демекші, әріптестерін тың ойға жетелеп, жаңашылдыққа бағыттап отыратын басшының да еңбегін айта кеткен жөн болар. Осы орайда жүрекжарды ақжарма тілегін ақтарған мектеп директоры Қымбат Бірманова көп жылдық тынымсыз еңбегінің нәтижесінде бағы жанып, өз өмірлерін ең бір абзал іс – еліміздің жеткіншектерінің тәлім-тәрбиесіне арнаған әріптестерінің қуанышын бірге бөлісті.

Роза ЖАРҚЫНБЕКОВА.
Рудный қаласы.

Меншік иесі:

**“Қостанай таңы” газеті
редакциясы” ЖШС**

**Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың

орынбасары: 54-84-44.

Жауапты хатшы: 54-67-65.

Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36.

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.

Социологиялық зерттеу орталығы:

54-53-21, 39-26-25.

Жарнама бергіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның

мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10735. Тапсырыс 2228.

Нөмірдің көзекші редакторы: К.ҚОНЫСБАЙ.